

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ
АКАДЕМИЯСЫ

А. Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты

Қолжазба хұқында

АЛМАТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ
АТЫНДАҒЫ
НҰРМҰҚАНОВ Хайролла Мырзағалиұлы

СӨЗ ЖӘНЕ ОНЫҢ КОНТЕКСТЕГІ
ҚОЛДАНЫСЫ

10.02.06 — түркі тілдері

ТІЛ БІЛІМІ
ИНСТИТУТЫ

Филология ғылымдарының докторы ғылыми
дәрежесін алу үшін даярланған диссертация

А В Т О Р Е Ф Е Р А Т Ы

Алматы — 1994

Жұмыс Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясында
А. Байтұрсынұов атындағы Тіл білімі институтында орыдалды.

Ғылыми кеңесші — Қазақстан Республикасы ҰҒА-ның корреспондент
мүшесі, филология ғылымдарының докторы,
профессор **Р. Ғ. СЫЗДЫҚОВА.**

Ресми оппоненттер — филология ғылымдарының докторы, профессор
К. М. ЕСЕНОВ;

филология ғылымдарының докторы, профессор
М. СЕРҒАЛИЕВ;

филология ғылымдарының докторы, профессор
Ә. ИБАТОВ.

Жетекші ұйым — Абай атындағы Алматы мемлекеттік университеті.

Диссертация 1994 ж. 18 наурызда, сағат 10-да

ҚРҰҒА-ның А. Байтұрсынұов атындағы Тіл білімі институты жанындағы
Д.53.38.01— Мамандырылған кеңестің мәжілісінде қорғалады.

Институттың мекенжайы — 130021, Алматы қаласы, Құрманғазы кө-
шесі, 29-үй.

Диссертациямен ҚРҰҒА-ның Орталық ғылыми кітапханасында (Шев-
ченко көшесі, 28-үйде) танысуға болады.

Автореферат 1994 жылғы 10 ақпанда таратылды.

Мамандандырылған кеңестің
ғылыми хатшысы,
филология ғылымдарының докторы

Ә. ЖҮНІСБЕКОВ.

Қадірлі Әлімжанда —
қашанда амандық, абырой, тек
жазаның тілегімен ақ қауымның
бұл белгісі ретінде.

11.03.94.

Ақтар.

ЗЕРТТЕМЕНІҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

Жұмыстың маңыздылығы (актуалдығы) оның тіл ғылымымызда әзірше тың жатқан не зерттелгенмен, әлі де толықтыра, айқындай түсуді қажет етіп жүрген проблемаларға арналғандығында. Ұзақ жылдар бойындағы ізденістерімізге негізгі желі болған бұл мәселелердің кейбірі — мысалы жалған этимологиялы сөздер, окказионал (тосын) сөздер — соңғы уақытта стильдік қызметтері тұрғысынан арнайы зерттеліп, бұлардан кандидаттық диссертациялар қорғалуы және мұндай саралау кей тақырыптар бойынша алдағы уақытта да жалғасын табуға тиісі екені — осы маңыздылықтың дәлелі. Екіншіден, тіл қоғаммен бірге жасайтындықтан, әрі тек коммуникативті ғана емес, әр алуан (эмотивті, волюнтативті т. б.) қызмет атқарып, онысын сөз арқылы жүзеге асырып отыратындықтан, мұндай зерттеулердің тек бүгіннің ғана емес, кейінгі уақыттардың да күн тәртібінен түсе қоймайтын проблема болып қала бергендей қисыны бар. Ал дәл қазіргідей — тәуелсіз елдігімізді әлем халқының көпшілігіне ақ таныта бастаған, туған тіліміздің мәртебесін биіктету, жоғалтқанын қалпына келтіру, оның өзге жұрттық материалмен ала-құлаланған тұстарын өз байлығымызбен жедел жаңалау, қолданылуында жиілей бастаған қателік, жаңсақтықтардың, мін-кемшіліктердің бетін ашу ісіне ерекше мән беріліп, оларды шұғыл түзету, қайталамау талабы дұрыс қойылып отырған — кезеңде мұндай жұмыстардың аса қажет екені — күмән туғызбауға тиіс шындық.

Жұмыстың мақсаты — тіліміздің лексикалық жүйесіндегі арнайы немесе терең зерттелмей келген семантикалық топтардың табиғатын таныту, тілдік қызметін, яғни контекстегі қолданысын («поведениесін») саралау, сөздің тұлғалануы мен тіркесу заңдылықтарын жүзеге асыруды норма тұрғысынан айқындау. Бұған орай мынадай **міндеттерді** орындау:

— жалған этимологиялы сөздер, окказионализмдер мен паронимдер, потенциалды тұлғалар турасындағы пікір-тұжырымдарға шолу жасау, өз танымымызды ұсыну;

— мұндай топтардың әрқайсысының өзіндік белгілерін

ашу, олардың эмоционалды, экспрессивті қызметтерін айқындау;

— соңғы жылдардағы сөзжасам мен сөзқолданым жайын талдау, олардың нормаға сай немесе қайшы келетін сәттерін көрсету;

— шеберлік категориясының, оның ішінде қаламгердің тіл шеберлігінің, сөзді орнымен, оңтайлы қолдануда қойылатын негізгі шарттардың сыр-сипатын ашу.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы осы көрсетілген міндеттерден де аңғарылғандай. Алайда нақтырақ жіктегенде:

1. Паронимдердің қазақ тілінде де өз алдына лексикалық топ құрай алатын сөздер екені дәлелденіп, табиғаты айқындалғаны, лингвистикаға не көркем әдебиет тіліне қатысты тұрғыдан зерттелмегендіктен, бұлардың жұмсалуында жиірек орын алып жүрген жаңсақтықтардың анықталғаны.

2. Оқказионал және потенциалды сөздердің бір емес, екі түрлі категория екенінің, әрқайсысының өзіндік белгілерінің басы ашылғаны, контексте бұлардың қашанда эмоционалды, экспрессивті рен-мәнді қызмет атқаратыны дәлелденгені.

3. Жалған этимологиялы сөздердің жасалу себептері, жолдары, ерекшеліктері сараланып, стильдік қандай қызмет-мақсатта жұмсалатыны қарастырылғаны.

4. Сөз қолданысымыз жүйесінде сөзді тұлғалау, тіркестіру заңдылықтарының, әдеби норма талаптарының дұрыс ескеріле, сақтала бермейтініне нақты деректер келтіру арқылы, теорияға негізделген сыни талдау жасалғаны.

5. Шеберліктің тек эстетикалық қана емес, өзге де: экономикалық, әлеуметтік, психологиялық т. б. — тұрғыдан зерттелгендей көп қырлы категория екені анықталғаны; сөзді дәл, ықпам, әсерлі қолданудың жеке сипаттары мен ішкі байланыстарының, негізгі амал-тәсілдерінің талданғаны.

Жұмыстың практикалық мәні де кең ауқымды. Оны аңғартатындар:

— бұнда «Қазіргі қазақ тілі» ғылыми курсының лексика саласына арналған оқулықты толықтырғандай не тіпті өз алдына жеке оқу құралы етіп бастырып шығаруға тұратындай сөздіктерге де пайдаланылғандай біраз материалдың бары;

— «Стилистика және тіл мәдениеті негіздерінің» лексикалық та, практикалық та сабақтарына қажетті дерек, мысалдың молдығы (сондықтан да филолог-студенттер «Сөз және шеберлік» аталатын еңбегімізді 1987 жылдан бері осы пән бойынша көмекші оқу құралы ретінде пайдаланып келеді);

— жалпы жұртышылықты, әсіресе қаламгерлер мен мү-

ғалімдерді, баспа, радио, теледидар қызметкерлерін сөз сырына, сөздің тұлғалану, қолданылу заңдылықтарына қанықтыра түсуде септігі тигендей рет бары;

— тіл ғылымын дамытпақ жастарымызға тақырыптық бағытта ой салғандай, көмегі тигендей де тұстардың жоқ еместігі.

Жұмыстың зерттелу әдістері мен материалдары әр алуан. Әдістерден салыстырмалы, диахронды-синхронды, бірер рет статистикалық, негізінде, баяндай талдау қолданылды. Ал материалдар көбіне көркем шығармалардан, кейде газет, журналдардан, қоғамдық-саяси не ғылыми әдебиеттерден, теледидар мен радио хабарларынан, арагідік ауыз-екі тілден алынды. Жасалған карточкалар саны — жеті жарым мыңдай.

Жұмыстың мақұлдануы (апробациясы). Диссертацияның жалпы мазмұны, негізгі дерек, тұжырымдары «Сөз және шеберлік» (1987, 15 б. т.) деген монографиямызда, он шақты мақаламызда баяндалды. Бұларға қоса М. О. Әуезовтің туғанына 90 жыл толуына байланысты Қарағанды қаласында өткізілген (1987) оқу орындарыаралық, қос тілдік проблемасына арналып өткізілген (1991) республикааралық ғылыми-методикалық конференцияларда бір-бірден, жыл сайын Қарағанды мемлекеттік университетінде өтіп тұратын дәстүрлі ғылыми конференцияларда 18 баяндамамыз тыңдалды. Сөйтіп, мұндай бас қосуларда жасалған баяндамаларымыздың жалпы саны — 20.

Жұмыстың құрылымы. Бұнда шағын кіріспе, негізгі мәселелерді қамтитын төрт тарау, қысқа қорытынды, шартты қысқартуларды анықтайтын қосымша бар.

ЖҰМЫСТЫҢ НЕГІЗГІ МАЗМҰНЫ

Кіріспеде тақырыптың маңыздылығы (актуальность) дәлелденіп, жұмыстың ғылыми жаңалығы, практикалық мәні сараланып, зерттелуінде қойылған негізгі мақсат-міндеттер, қолданылған әдіс-тәсілдер, пайдаланылған материалдар, сөз және оның қолданылуына қатысты мәселенің ілгері-кейінді зерттелу, жалпы, қарастырылу жайы туралы баяндалды.

I Тарау. Сөз категориясы және контекст. Бұнда сөздің тіл аталатын аса құдіретті дүниені құрайтын бөлшек, көп қырлы, алуан сырлы категория екені сипатталып, оған беріліп жүрген ғылыми анықтамаларға, табиғаты мен қолданылу проблемасының зерттелу жайына шолу жасалды; **контекст** терминінің мән-мағынасы қысқаша талданды.

Сөздің өзіндік және жұмсалуды ерекшеліктері — ғылымда

тым ерте заманнан көңіл аударылып келе жатқан мәселе. Бұны Аристотельдің: «Әдемі де сәтті айтылымдар қайдан шығады? Оларды талантты, яғни зергер, адам жасайды. Ал бұлардың мәні-сырының кандайлығын айқындап беру — біздің ғылымымыздың міндеті»¹, — деп жазғанынан да аңғаруға болады.

Бұл проблема әсіресе орыс тіліндегі әдебиеттерде көбірек қарастырылады. Мәселен, тек қана сөз туралы жазылған («Слово о слове», «Искусство слова» т. б.) оннан астам кітапқа қоса, бір ғана «Пушкин шеберлігі» деген атпен А. Г. Цейтлиннің, А. П. Слонимскийдің, Л. Л. Благой т. б. жарық көрген көлемді-көлемді үш-төрт зерттеуі бар. Тіпті жеке шығармалардың тіл, стиліне байланысты жазылған ғылыми жұмыстар да аз емес.

Мұндай мәселенің бұрынғы одақтас республикалардың өзгелерінде де назардан тыс қалып келе жатпағаны байқалады. Бұған Г. С. Амировтің, С. Мамаджановтың, Х. Якубовтың, Н. Рахимовтың Тоқай, Гафур, Айбек, Айнилердің тіл шеберлігіне, Ш. В. Юсифиди, Т. А. Ефендиевалардың стилистикаға байланысты қорғаған докторлық диссертациялары — куә.

Сөздің қолданылу проблемасына қатысты ғылыми ізденістердің өзіміздегі бастамасы — К. Қ. Жұбанов еңбегі². Жалпы, сөздің көркем шебер қолданылу үлгісін арнайы талдаған ғылыми алғашқы күрделі зерттеу — К. Жұмалиев монографиясы³. Бұлардан кейін тілге байланысты қорғалған үлкенді-кішілі ғылыми жұмыстардың⁴, жарық көрген зерттеулердің, оқу құралдарының⁵ қай-қайсысында да сөз және оның жұмсалу жайы мен заңдылықтары, тікелей не жанама

1. Аристотель. О стиле // Об ораторском искусстве. М. 1973. С. 38.
2. Жұбанов К. Абай — қазақ әдебиетінің классигі // Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы, Ғылым. 1966. 286-6.
3. Жұмалиев К. Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі. Алматы, 1946.
4. Болғанбаев Ә. Қазақ тіліндегі синонимдер (1971); Әміров С. Ауызек сөйлеу тілі синтаксисінің ерекшеліктері (1972); Исаев С. М. Мерзімді баспасөз тілінің қалыптасуы мен дамуы (1974); Серғалиев М. Қазргі қазақ тіліндегі синтаксистік синонимдер (1981); Әбілқасымов Б. XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби тілі (баспасөз материалдары бойынша) (1983); Ахметов А. Қазақ тіліндегі табу және эвфемизмдер (1973); Төлекова С. Қазақ тіліндегі алғыс, қарғыс мәнді фразеологизмдер (1975); Пірімбетов Т. Қазақ тіліндегі қаранайым сөздер (1988).
5. Балақасов М. Қазақ тілі мәдениетінің мәселелері. Алматы, Казакстан, 1965; Қазақтың тұңғыш эпопеясы, Алматы. 1957 т. б.

түрде болсын, үздіксіз қарастырылумен келеді. Бұл мәселе «Тіл мәдениеті және баспасөз», «Соңғы жылдардағы қазақ көркем шығармаларының тілі» деген тақырыптарда өткізілген ғылыми-практикалық, творчестволық конференцияларда да кең талқыға түсті.

Міне, осы соңғы бас қосуға жалғасқан жылдар — яғни қайта құру тасқыны жаңартқан демократия мен жариялықты еркіндігіне қол жеткізген, басқа да сан алуан өзгеріс-жаңалықтарды мол ала келген кезең — тілге қатысты да бірқатар мәселенің шешім табуына мүмкіндік берді. Әсіресе Тіл туралы заңның қабылдануы, қазақ тілінің мемлекеттік тіл болып танылуы сияқты күрделі оқиғалар елдің, халықтың еңсесін көтеріп, бойына ерекше жігер қосқаны — шындық. Осыған байланысты ана тіліміздің қанын толықтырып, абыройын арттыру қамында соңғы жылдарда айтылған, қазір дей айтылып жатқан пікір-ұсыныстар өте көп. Бұлардың арасында әсіресе орнықты ой, татымды талдау-тұжырымы, бағалы дерек-түсіндірмелерімен құндылары бірен-саран ғана емес. Мәселен, Ә. Қайдаров пен Т. Жанұзақовтың «Атамекен атауларындағы атқандақтар», Р. Сыздықованың «Тілдегі жаңалықтардың сыры неде?», «Орысшылдықтан кашудың да жөні бар», «Сахна сәні»; Б. Қыдырбекұлының «Түгел сөздің түбі бір...» мақалалары, Ә. Нұрмағанбетов, Н. Уәлиев, Ә. Керімовтердің сөз төркіні, Ө. Айтбаев, Ә. Қарағұловтардың тіл тағдыры, сөз қолданысымыз туралы жазғандары — осындай еңбектер.

Алайда бұл тараудың негізгі бөлімдері тіл ғылымымызда әлі күнге арнайы зерттелмей, зерттелсе де, нақтылай түсуді қалайтын тұстары бар не жанама түрде ғана сөз болып жүрген лексикалық топтар проблемасына арналды. Бұлар мына ретте қаралды:

1. Жалған этимологиялы сөздер. **Этимология** — гректің *etymon* («шындық»), *logos* («сөз, ілім») деген мағынадағы, сөздерінен жасалған термин. Мұндай сөздер жайы — қазақ, орыс тілдерінде арнайы қарастырылмаған мәселе. Жекелеген әдебиеттерде ғана мынадай қысқа сипаттамалар берілген:

«Халық арасында жер-су аттарының, тағы басқа атаулардың қайдан шыққанын, не болғанын жорамалдау, олардың шығу төркінінің мәнін ашып беруге әуестенушілік көп болады. Кейде басқа тілден енген түсініксіз сөзді өз ана тіліндегі сөздерге ұқсатып, соның негізінде түсіну жағдайы да

кездеседі. Мұндай құбылыс «халық» этимологиясы деп ата-лады»¹.

«Жалған этимологиялы сөздер кейіпкерлердің тілдік сипаты үшін, қандай да бір құбылыстың экспрессивтік мінездемесі үшін қызмет етеді, стильдік мақсатта қолданылады... «Халық» этимологиясы — сөздің бастапқы төркінін ғылыми тұрғыдан талдап түсіндіретін тәсіл емес, ол тек таныс емес сөздердің төркінін белгілі, таныс сөздермен салыстыру, сола арқылы долбарлап жобалау ғана»².

«Егер XIX ғасырдың 40-50 жылдарында жұрт «шеколат», «ниверситет», «ладеколон», «кеатр» деген болса, бұл оның сауатсыздығының белгісі еді. Бірақ халық бұларды түсіне, дұрыс айта білуге барынша тырысты. Ұзақ жылдар бойындағы тіл практикасы процесінде бұған оның қолы да жетті... Сөйтіп, шоколад, университет, одеколон, театр түріндегі әдеби айтылымды жұрт кейін дұрыс меңгерді. Ал бұрын орыс жұрты таныс емес, бөгде, түсініксіз сөздер ұшырасқанда, оларды сол сәтте-ақ өздеріне белгілі сөздердің үлгісіне түсіріп отырды»³.

Міне, аталған екі тілдегі әдебиеттерден жалған төркінді сөздерге қатысты ұшырасатын пікірлер осылар ғана.

Бұл айтылғандардан және зерттеу жұмыстарымыздан айтушыға я тыңдаушыға немесе екеуіне де мағынасы түсінікті не түсініксіз болып келген сөзді бұлардың өздері білетін, сыртқы жамылышы (формасы) әлгіге азды-көпті ұқсас сөзбен алмастырып қолданған сөзін жалған этимологиялы деп күргеніміз аңғарылады.

Жалған төркінді сөздердің жасалу жолы және негізгі ерекшелігі — бұлардың дыбыстық жағынан түп нұсқаға жақын әрі құрамы белгілі бір нақты мағынаға не бөлшек не бөлшектерден тұратындығы. Бұл екі белгінің бірі болмаған жерде жалған төркінділік те жоқ. Мысалы: Бүкіл аудан бойынша бірде-бір қалқоз еңбеккүнге астық босатпасын деген үркәбадаты указание бар. Ал бұл не? Бұл бредительство! Бұл сабатаж. Безабраз! Сбедетіл боласындар! Әкті... Сен осы кләдәпшік пе едің, бригад па едің?... тойыс единовременей көмек, брадукт... әктіні жасаған әтделдің Мұрат қалқозындағы ұшаскебайы (Қ. Ы.).

Сөз иесі — соғыс жылдары учаскелік милиционер, кейін

1. Аханов К. Тіл біліміне кіріспе. Алматы. 1955. 212-б.

2. Шмелев Д. Н. Лексика// Слово, образ. М. 934. С. 55.

3. Пустовойт П. Г. Слово, стиль, образ. М. 1965. С. 15.

малшы болған Берібай. Шала сауатты және жасының егделігіне байланысты тілі де қатыңқырап кеткен кейіпкеріне орыс тілі сөздерін автор лайықты айтқыза білген. Әсіресе «қалкоз, үркебәдши укәзәние, әкті, әгдел» дегізуді тіпті келісті. Бірақ үзіндідегі белгіленген сөздердің бірде-бірі жалған төркінді емес. Себебі **бредительство, сбететіл, кләдәпшік, единовременнэй, брадукт, әтдел** айтылымдарынан қазақ сөздеріне мағыналық жақындық табу қиын. Мүмкін, бұларда тіліміз жаттыққан «бір — еді — ит — ел — істі, сүбеде — тіл, кіл — әдеп — шік» тұлғалы сөздердің орфоэпиялық әсері бар да шығар, дегенмен, орфографиясы жоғарыдағыдай болған болған соң, оларды мұндай этимологияда алынған деп қараудың реті келмейді. Ал кейінгі үш сөзге (**единовременнэй, брадукт, әтдел**) төркіндік қандай да болжам айтуға тіпті болмайды.

Демек, мысалдағылар — кейіпкердің тіл икемі келмегендіктен солай формаланған жай айтылымдар ғана.

Алайда қаламгерлеріміздің сөзді жалған төркінде не осы ыңғайда жұмсау ретін барлық орында бірдей жатық тігісті деуге бола бермейді. Мәселен, жоғарыдағы автор жасы 40-тар шамасындағы Мешелге «бүйтепке, тұрдабай» дегізеді. Мектеп табалдырығын Ұлы Отан соғысы аяқталғаннан 2-3 жыл кейін аттап, азды-көпті білім алуға міндетті де, мүмкіндігі де болған әрі **сплавконтор** деген күрделі сөзді дүп-дүрыс айтуға тілі тамаша келген жас азаматтың бұлай деуі көңілді аса иландыра қоймайды. Сондай-ақ осындай пікірді «Бәйестің үйінде жатқан Учитель де Әшібек» (Төңкеріс үстінде, 227) деген сөйлемдегі орыс сөздерінің қолданылуы туралы да айтуға тура келеді. Себебі баласы Ехласты орысша оқытқан Шұғыл қажының тілі «учительді» мінсіз айтып, «большевикке» пәлендей жанаса алмаған («Әшібек» деген).

Ал «Торғай толғауы» романында «өндірсәл» (трактор маркасы, «универсал») сөзін кейіпкерге айтқызудың орнына автор өз баяндауында қолданған: Екпіндеген **өндірсәл... өткен өндірсәл... су** ортасында қалған **өндірсәл (60-61-беттер)**.

Байқауымызша, тіліміздегі жалған этимологиялық, негізінде, өзге тіл (көбіне орыс тілі) сөздеріне байланысты орын алған құбылыс. Мысалы: **болыс, ояз, жандарал, атбекет, атұлтан** (адьютант), **шырпы-ши** (чрезвычайный) т. т.

Бұлардың бірақтары кезінде сөздік қорымыз бен сөздік құрамымызға да еніп («**Болыс** болдым мінеки», «**Жаңа** күда — **жандарал**»), қазір біралуаны кенеріп, кейбірі қайта қолданыла бастап жүр (**жағырафия, фәлсафа**) т. б.

Жалған төркінді сөздер кейде әр түрлі вариантта (**үшкіл, үшкел, үшкөл** — школа) қолданылумен қатар, арагідік өз сөздерімізден де (**мәлім** — мұғалім, **мапахат** — махаббат) (М. Ә.) жасалады. Бір ғажабы — кей сөздің екі тілден де жалған төркін табуы мүмкін екені. Осындай бір қызық метаморфозада жүрген сөз — **бульвар**. Орыс тілінде бұл **гульвар**, бізде **гүлбар** болып қолданылып жүр.

Дұрысында, бұл сөздің орысша, қазақша бұлай екі түрлі тұлғалануы орынды да: бірі **гулять**, екіншісі **гүл, бар** сөздерінен төркінделеді. Себебі жұрт **бульварда**, шынында да, қыдырады; **бульварда**, шынында да, **гүл** бар.

Жалған төркінді сөздер стильдік тұрғыдан бірде айтушының тіл икеміне орай солай жұмсалса, бірде оның жаңсақ түсінігіне, ал енді бірде әдейі солай дегісі келуіне не т. б. реттерге байланысты қолданылады.

Бұлардың көркем әдебиетте көріну жабы жұмысымызда мынадай негізгі үш салада қарастырылды: Еріксіз қолданылыс. Ерікті қолданылыс. Еріксіз — ерікті қолданылыс.

1. Еріксіз қолданылыс. Бұл екі себепке: а) кейіпкердің тіл икеміне, ә) кейіпкердің жаңсақ түсінігіне — байланысты байқалады. Мысалы:

— Осы арадан — деді Жездібай, — **ботпайлар** басталады.

— Ол не сөз? — дедім мен.

— Орыстың «подбой» деген сөзін білуші ме едің? — деп сұрады Жездібай менен.

— Білем.

— Білсең, жер астын үңгіп барып көмір қазатын орынды орыстар «подбой» дейді, ол сөзге тілі келмеген қазақ жұмысшылары «ботпай» дейді (С. М.).

Осы сияқты, орыс тілін білмейтін не нашар білетін егде кейіпкерлерін сөйлеткенде, қаламгерлеріміз «кооператив, министр, землемер, пристав, француз, ячейка» т. б. көптеген сөздерді «кәпіратып, міністір, жемтемір, бірұстап, борансоз, әшкей» дегізеді.

Ал сөздің жалған төркінді болып жаңсақ түсінікке орай қолданылуы кейіпкердің екінші бір тілдік сөзді өзі білетін не ана тіліндегі соған ұқсас басқа бір сөздің мағынасында қабылдауына байланысты. Мысалы: Ақ нан, әр алуан бөлкешелерге дүкеннің сөрелері сықып толып тұр. Ақша берсек, — бермейді: «Карточки давайте», — дейді. Біз бірімізге-біріміз қараймыз. «Карточкасы несі?», — дейміз. **Карточка** деген сөзді сурет деп ұғып, қалталарымыздан сурет іздестіріп жатырмыз» (Б. С.).

Мына үзінділерде белгіленген сөздер де кейіпкерлердің осындай кәте түсініктеріне байланысты жұмсалған:

1.— Қазақта мемлекет болып көрген бе?— деп сұрады Андрей Быков.

Байжан мен Омар мемлекет деген сөздің орысшасы **государствоға** түсіне алмай:

— Ол неменесі екен? Ақша дегені ме, казына дегені ме?— десті біріне-бірі қарап.

— Оспадар деп қазақ тұрпайы мінезді, дерекі адамды айтады ғой. Ондайлар әр ауылда да құдайда шүкір десем қайтеді?— деп Байжан Омарға қарады (Ғ. М.).

2.— Ендігі жерде біз балығы көп жерлерді **запретная зона** істейміз.

— **Қазірет** дейсің бе?— деді Құдайменде.

— **Жок, запрет, запретная зона** (Ә. Н.).

3. Бұл жердід батпағы шірік — деді бригадир. Сағырбай кеңкілдеп күлді.

— Одан да эвкалипт отырғыз десенші!

Бригадир шамданып қалды:

— Сіз депутат болғанда, азаңғы сағат алтыда дауыс беріп, аудандық газетке шығып едім. Енді «еп қылып» дейсіз бе, немене?

Шәкібаев жуып-шаймақ болды.

— Жігітім, менің айтқаным — безгекке қарсы егетін ағаш. Саған үш айқнаса, сорпасы қосылмайды.

Бригадир шамалы жадырады. (Т. Ә.).

II. Ерікті қолданылыс. Мұндайда сөз жазған тәркінде әдейі жұмсалады. Мысалы, М. Горькийдің бір кейіпкері: «Сен «наука» десен, мен «паука» деп естимін және сенің өзіңді, тап сол өрмекші тәрізді, құрған ауынмен мені бейне бір шыбын тәріздендіріп орап алатындай көрем»¹,— десе, Б. Житковтың бір кейіпкері: «Пролетарий и пролетает. В трубу, значит...»²,— дейді.

Бұлардағы белгіленген сөздерді кейіпкерлер өздерінің жақтырмаған көз қарастарына байланысты әдейі бұрып, кекесінді түрде айтқан. Мына шумақтағы тоз сөзінің жұмсалу реті де осындай: «ТОЗ», «серік» дейді тағы бар. Көп еді дәле неткен тек! Одан да сұмы табылар, Иллаһим, тозып кеткей тек! (Жұбан М.).

1. Карпенко М. А., Сиротина В. А. Слово в художественной речи А. М. Горького. М. 1968. С. 72.

2. Шмелев Д. Н. Лексика// Слово, образ. М. 1964. С. 54.

Осындай ерікті қолданылыста «кейде қаламгерлер өз шығармаларындағы кейіпкерлер сөзіне сатиралық рең беру үшін, елді күлдіру үшін сөз төркінін өзінше әдейі өңін айналдырып» та пайдаланады». Мәселен, М. Әуезов «Тас гүлек» пьесасында Бөлтірік, Қамбар сияқты кейіпкерлердің сайқымазақ, күлдіргі тілділігіне байланысты талай сөзді жалған төркінде алған.

III. Еріксіз-ерікті қолданылыс. Бұған себеп болатындар: бір жағынан, кейіпкердің тіл икемінің жақсы келе қоймауы; екінші жағынан, солай айтуды кейіпкердің өзінің де қалауы. Мәселен, З. Жәкенов шығармасындағы ауатком төрағасының «Колхозда кім болып жұмыс істейсіз?» деген сұрағына жауапты жөн бергісі келмеген қарияның «сәниатармын» (санитармын) деп, немересі ертіхан конкурсынан өте алмай қалған әжеңнің «кылмия (химия) дедің бе?» деп қалжыңға бұра айтуы — осы ыңғайдағы қолданымдар.

Жалған төркінді сөздер тұлғалық жапалығының өзімен-ақ қашанда экспрессивті реңді болумен бірге, семантикасына (**қоржынжын** — хорунжий, **Салдуар** — Сәруар) немесе қолданылу ретіне қарай адам көңілінде жағымды не жағымсыз реакция туғызатын эмоционалды рең-мәнді де болып келеді. Жоғарыдағы мысалдардың бірінде **эвкалипт** атауын **еп қылып** деп түсінген бригадирдің шамданып қалуы — осының дәлелі.

Сондай-ақ жалған төркінді сөздерде пароним құбылысына ұқсастық та бар (**мекірен** — мигрень, **сурет** — сюжет, **бояма** — поэма, **бармақ** — варнак) және бұлар омоним түрінде де кездеседі: **ТОЗ** — қысқарған сөз (товарищеская обработка земли), бұйрық рай тұлғасындағы етістік; **карточка** — талон, фотосурет.

Тағы бір байқалатын жай — жалған төркінді болып кісі аттарының да қолданылатыны: **Мынетек** — Монтекки, **Көпетеқ** — Капулетти, **Салгері** — Сальер, **Күргерей** — Григорий, **Көкпін** — Губкин, **Майтіл** — Майдель.

Жалған төркінділік, негізінде, сөйлеу тіліне тән құбылыс болғандықтан, сөздердің бұлай жұмсалуды драмалық шығармаларда басым байқалады. Мәселен, М. Әуезов пьесаларында бұлардың 20-дан астамы, Қ. Мұхамеджанов шығармаларында 15-тегені қолданылған.

Қорытып айтқанда, тілдегі жалған этимологиялық болашақтың аса өміршең құбылысы болуға тиіс емес. Себебі білімді, сауатты жұрттың бұрынғыдай Федор сияқты кісі атын

3. Кайдаров Ә. Сөз өнері дертпен тең // ҚӘ. 1983. № 29.

Шодыр, американ, санитар, чрезвычайный сөздерін «әмірхан, сеніатар, шыры-ши» демесі сөзсіз.

Сонда бұл сөйлеу тілімізде болсын, көркем шығармада болсын, негізінде, өткен кезең кейінкерлерінің тіл ерекшелігіне (арханзмдер іспетті) немесе қаламбурлық ретке не сөзді әдейі бұрып қолдану қажеттілігіне байланысты пайдаланылатын айтылымдар болып қызмет атқаруға тиіс. Сондықтан бұның сөз қолдану жүйемізде өзіндік орны бар және тіл ғылымының лексика саласында, стилистикада, әдебиет теориясында арнайы әңгімелегендей құбылыс танылғаны жөн.

2. Потенциалды сөздер. «Әр тілде, күнделікті практикада қолданылатындармен қатар, бөлек бір «потенциалды» сөздер — яғни нақты жоқ, бірақ, егер тарихи кездейсоқтық қажет ете қалса, бар бола алатын сөздер — өмір сүреді!»: **крокодиловодческий, крокодиловодство, крокодилятина, славостойкость** т. б.

Міне, сөздіктерімізде бұрын болмаған, қазір де жоқ, бірақ қажетті тұстарда осылар сияқты жасалып жарыққа шығып жатқан сөздер біздің қазақ тіліндегі газет, журналдарымыз бен көркем шығармаларымызда да баршылық. Мысалы: **өкрейту, таусыншық, денеу, мырзан** (Абай) **көлгін** (пришелец), **күйінділер** (күйініп отырған адамдар), **көнермен, ойысарман, бергек** (М. Әуезов), **аутандау** (Ә. Нұрсейісов), **ұшарман** (К. Мырзалиев), **өткінші жиын** (летучка) (С. Бәкбергенов), **лездеме** (летучка), **баянат** (К. Жұмаділов) **басытқылау** (закусывать) (Б. Сокпақбаев), **көнерім, ескірім** (Т. Әбдірахманова), **табантас** (фундамент / Т. Есімжанов), **райгер** (Д. Досжанов), **өкектеу, теріскейлік, күнгеілік, сәнкана** (Т. Әлімқұлов), **қазанама** (некролог), **жағажай** (пляж), **көкөніс** (овощ), **гүлшоғы** (букет), **тыңгер, тәлімгер, танымгер, баспагер, айтыскер** т. б.

Бұлардың бәрі де сөз тудыру амалдарымызға сай тұлғаланған. Екіншіден, мағыналарында кісі тосырқай қарағандай ерекшелік, жаттық жоқ, керісінше, бірқатары «нә, осылай деуге болар», ал кейбірі «бұл бір дұрыс табылған сөз екен» деген сияқты пікірде мақұлдана қабылданғандай ретте.

Кейде тіпті мұндай қолданымдардың етене көрінетіндігі соншалық — оларды күнделікті жұмсап жүрген сөздерімізден ажыратудың өзі қиын. Мәселен, К. Мырзалиев қолданған **бастығырақ, адамырақ**-тар немесе Қ. Бекхожин мен М. Әлім-

1. Винокур Г. О. Маяковский — новатор языка. М. 1943. С. 13.

баевтын: «Көздерінің алашығы ұлғайып», «Балық қармақты кермес, жалмақты көрер» деген сөйлемдеріндегі **алашық**, **жалмақ-тар** лексикамызда бейне бір бұрыннан бар сөздер сияқты қабылданады. Ал шынында, олай емес. Әдетте «бастық болу» дейміз де, «бастығырақ», «адамырақ» деп айта, жаза қоймаймыз. Ақын бұл екі сөзді **баларақ**, **ұятырақ** модельдерінде осылай жұмсау арқылы олардың жаңа бір қырын пайдаланып, контекстеріне тың лепті экспрессия беріп отыр. Соңғы екі сөздің бірі **қарашық** сияқты тұлғаланса, екіншісі **қармақ-қа** ұйқастырылған.

Жалпыхалықтық лексикамызда туған тіліміздің өз сөздері негізінде жасалып қосылған **аялдама**, **көрермен**, **жанкүйер** т. т. неологизмдердің бәрі де осы «потенциалды» аталатын қордан өкшелгендер. Демек, потенциалды сөздер — неологизмдер көзі.

Әрине, мұндай сөздерді жасаушылар — жеке адамдар, көбіне қаламгерлер. Бірақ жарыққа потенциалды қордан шыққанмен, бұл сөздердің бәрі бірдей неологизм болып қатар түзе бермейді; тіл практикасы қажет еткендері жаңа сөздер танылып, сөздік құрамға еніп, өзгелері, негізінде, бір көрінген, жұмсалған контекстіне жаттығы жоқ қолданымдар болып қала бермек. Сөйтіп, бұлардың көпшілігі тілімізге неологизмдер болып қосылып тіл байлығымызды молайтса, азын-аулағы бір көрінумен ғана шектеледі. Бірақ өміршең болмағанмен, бұларды таба, кәдеге дұрыс жарата білу көркем шығармада жарыққа шығарылмақ ойдың қашан да дәл, әсерлі бейнелеуінде елеулі қызмет атқарады.

Міне, осы айтылғандарды қорытсақ, потенциалды сөздер деп әр тілдің ішкі мүмкіндіктері негізінде әрі сөз тудыру тәсілдеріне, тіл практикасына лайық тұлғаланған жаңа қолданымдарды айтуға тиіспіз.

Соңғы жылдар ішінде сөздік құрамымызға **бағдарлама**, **бағдаршам**, **мерейтой**, **мұражай**, **көкөніс**, **пікірсайыс**, **төралқа**, **саябақ** тәрізді неологизмдер бұрынғыдай бірен-сарандап емес, күн сайын дерлік топ-тобымен-ақ еніп жатыр. Туған тіліміздің табиғатынан туындап, оның ішкі мүмкіндігінің соншалық мол екенін өзгеге де, өзімізге де айқып аңғартып отырған бұл табысымызға халқымыздың — ақиқатын айтсақ — тандануы да, масаттануы да орынды. Академиямыздың тіл мамандары: А. Алдашева, Ш. Сарыбаев, Н. Уәлиевтер — құрастырған «Жаңа атаулар» аталатын сөздіктің 1-кітабы (1992, көлемі — 10,3 б. т.) — осы байлығымызға бастапқы куә.

3. **Окказионал сөздер.** Окказио-ның латын сөзі екенін, орысша «случай» деген мағынаны білдіретінін айтып, В. В. Лопатин жоғарыда аталған еңбегінде: «Сам термин показывает, что подобные слова созданы однажды, по случаю... Они... созданы и живут лишь в определенном контексте и вне этого контекста не воспроизводятся»¹,— деп жазады. Мысалға **широкошумные** (Пушкин), **листолет**, **лошажи**, **пуховитые**, **голосатые** (Есенин), **утреет** (Блок), **легкомыслый**, **молоткастый**, **серпастый**, **туфлястый** (Маяковский), **инакочувствующие**, во всевидение т. т. көптеген қолданымдарды келтіреді.

Сонымен бірге автор окказионал сөздердің әр түрлі аталып жүргенін әңгімелеп, солардың ішінен өзі жөн санаған 14-ін атап өтеді. Бұлардың арасында «Бір реттік неологизмдер», «Қолдан жасалған сөздер», «Экспромт сөздер», «Метеор сөздер», «Эгологизм» т. б. бар.

Міне, атаудың осындай әр түрлілігі сияқты, окказионал сөздер туралы айтылып жүрген пікірлердің өзі де әр қилы. Оларда, негізінде, окказионал және потенциалды сөздер жеке-жеке емес, «Авторлық неологизм», «Стильдік неологизм», «Окказионализмдер» деген жалпы атаумен бір қаралып жүр. Бұларды арнайы зерттеушілердің бірі В. В. Лопатиннің өзі де «Окказионал сөздер», «Потенциалды сөздер» деп әрқайсысын жеке тақырыпта алып сөз етіп отырады да: «Біз бұл кітабымызда «Окказионализмдер» деген жалпы атауға сөздердің екі тобын — потенциалды және авторлық сөздерді — біріктіріп қарап отырмыз» (95, 63),— деп, оның негізгі себебі ретінде бұлардың екеуінің де белгілі бір себеп — жағдайға байланысты жасалатынын, сөздік құрамға еңбейтінін, түсіндірме сөздікте болмайтынын айтады.

Біздіңше, бұлай қорыту жөн емес, себебі қолданымдардың бұл екі түрінің өзара ондай ұқсастықтары болғанмен, әрқайсысының тұлғалық, мағыналық жағынан, тіл практикасы тұрғысынан жеке-жеке топ құрап және сонысына лайық өз атауымен аталғандай реті бар. Айталық, **звереводство**, **крокодиловодство** деген сияқты, **баларак**, **бастығырақ** дсуден жасалу жолы, мағыналары, практикада қолданылу тұрғысынан ешқандай шеттік байқалмайды, ал **утреет**, **жылмая**-лар туралы бұлай дей алмаймыз. Ендеше окказионал деп өміршең емес, контекст қалауына орай тек бір ғана қолданымдық болып қызмет атқаратын сөздерді айту жөн.

Сондықтан жоғарыдағы **морозостойкость** үлгісіне жа-

1. Лопатин В. В. Рождение слова... С. 63.

салған славостойкость сөзін В. В. Лопатиннің потенциалды деп, ал во всеуслышание, инакомыслящие үлгісінде жасалған во всевидение, инакочувствующие сөздерін окказионал деп қарауын мақұлдауға болмайды. Шынында, бұлардың үшеуі де потенциалды болып танылуға тиіс. Себебі бұларда жасалу, мағына, жұмсалыу жағынан еш жаттық жоқ. Ал **листолет, лошажи, пуховитые, голосатые** т. б. жөнінде бұны айта алмаймыз: жасалу жолы **пистолет, лебязий, ядовитые**-лармен үлгілес болғанмен, тіл практикасында олар ондай тұлғаларда жұмсалмайтын сөздер. Сондықтан бұларды окказионализмдер — яғни авторлық бір реттік қолданымдар — деп потенциалды сөздерен бөліп қарауымыз орынды.

Ені жоғарыдағы **жылмая**-ны және сол сияқты окказионал басқа да біраз сөзді тұрған контекстерінде көрейік: Қоныр жаз, самал соққан күн **жылмая**. Төрегі көкке **тәуелеп** (І. Ж.). Жайығым, аңқып алға өргіп жібер. **Алауыртқан** тандардан сені іздедім (М. М.). **Шаруакештер** шөлдегі ақ шағылды Терін төгіп жайнаған бақша қылды (Қ. М.). Әрине, бұлардағы **жылмая, тәуеле, өргі**-лердің қай-қайсысының да, жеке сөз түрінде қарағанда, қандай мағынаға не екенін түсіну қиың, тек контекстері арқылы ғана төркіндері, сірә, **жылмық, тәу ету, өрлеу** шығар деп шамалауға болатындай. Ал **алауырту, шаруакештер**, дұрысында, **алауыту** (қарауыту сияқты), **шаруакор** (шаруашыл) болып тұлғалануға тиіс сөздер. Демек, бұлардың бәрі де — потенциалды сөздер сияқты — жасалу, мағына, қолданылу реті жағынан еш шеттігі жоқтар емес, сол жұмсалған орындарында бір көрініп қалғаннан әріге бара алмайтындар. М. Әуезов қолданған **жеңкею, жұбап, түгену, қарсылдау, жалтаю**-лар да осылар тәрізді қолданымдар.

Әрине, мұндай сөздер туралы «бір реттік», «мағынасы түсініксіз», «әріге бара алмайтын» т. б. деген сипаттамалар бұларды бір түрлі бір кемсіткендіктен немесе тіл мәдениетін төмендететін құбылыс санағандықтан айтылып жатқан жоқ, олардың негізгі белгілері ретінде беріліп жатыр. Демек, окказионал сөздер деп не жасалу жолдары дағдылы көрінбей, не мағыналары айқын болмай, не тіл практикасына келісімді келмей, сөйтіп, аса табиғылық таныта қоймай тұратын авторлық қолданымдарды айтуға тиіспіз.

Ал стильдік жағынан алғанда, әрине, окказионал сөздер де, потенциалды сияқты, өзіндік жаналығы, тұрған контекстіне жарасымы арқылы экспрессивті қызмет атқаратын қолданымдар.

4. **Паронимдер.** Айтылу, жазылуында біраз ұқсастығы болғандықтан, орыс тіліндегі сияқты, бізде де кейде бірінің орнына бірі жаңсақ жұмсалып жүретін сөздер тобы бар. Зерттелуі тұрғысынан қарағанда, біздің тіл ғылымымызда бұл — әзір бір тың жатанқ мәселе. Жалғыз-ақ М. Белбаева мұны «Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы» (1976) деген кітапшасында ептеп сөз етеді. Онда автор былай дейді: «Паронимдер деп ешбір мағыналық байланысы жоқ, бірақ айтылуда бір-біріне өте жақын, тіпті бірдей айтылатын, әр басқа сөздерді айтады... Паронимдер — біркелкі айтылып, морфемалы құрамы әр басқа сөздер»¹.

Біздіңше, бұл анықтамалар дәл емес: алғашқысында «тіпті бірдей айтылатын» артық. Егер олай айтылса, бұндай сөздер омоним тобында қаралуы керек.

Сол сеептен де шығар, автордың мысалға келтірген сөздері (әр уақ — әруақ — ару ат, әңгі нені — ән кім еді — әңгімені) — паронимдер емес, әр уақ — әруақ — омоним (мәселен, орыс тіліндегі не мой — немой, за нос — заностар тәрізді; оның өзінде де сөйлеу тілі тұрғысынан қарағанда, ал әдеби вариантында бұлар (әр уақыт, әруақ) омоним де болмайды), өзгелері — өлең ұйқасына орай қолданылған жай сөздер.

Пароним — гректің *рача* және *опута* («маңы, аты» деген ұғымдарды білдіретін) сөздерінен жасалған термин.

Мұндай сөздер туралы алғашқы пікір 1871 жылы И. А. Бурдон мен А. Д. Михельсон шығарған «Объяснительный словарь 30 000 иностранных слов» деген кітапта айтылыпты. Содан бері бір ғасырдан астам уақыт өтсе де. «Паронимия құбылысы әлі күнге ғылыми әдебиеттерде жеткілікті сөз болмай, бұның болмысы туралы да бірыңғай көзқарастар қалыптаса қоймай келеді»².

Паронимдер туралы орыс тілінде жазылған кітаптарда³ берілген анықтама, түсіндірмелер бар. Алайда бұлардың қай-қайсысында да паронимия құбылысы қысқа ғана сөз етілген. Еңбегі тікелей осы мәселеге арналған О. В. Вишнякова: «Отандық және шеттелдік әдебиеттерде бұл мәселеге жөнді көңіл аударылмай келеді, тілдердегі паронимияның жалпы теориясы да орыс тіліндегі паронимдердің толық

1. Белбаева М. Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы. Алматы. 1976. 27-б.
2. Шанский Н. М.// Вишнякова С. В. Пароним в русском языке. М.: Высшая школа. 1974. С. 5-6.
3. Вишнякова С. В. Пароним в русском языке. М.: Высшая школа. 1974.

сөздігі де жоқ»⁴,— дей отырып, өзі оған теориялық айқын сипаттама бермейді. Ал көрсетілген әдебиеттердің үшеуінде пароним түбірлес сөздерге байланысты (**абонент — абонемент, существо — сущность, факт — фактор, надеть — одеть, адресат — адресант, вдох — вздох**) құбылыс есептелсе, П. П. Колесников кітабында¹ бұл тек түбірлес қана емес, ұқсастығы бар кез келген сөзді қамтитын категория ретінде қаралады. Біздіңше, осы пікір көңілге қонымды. Себебі айтылу, жазылу да ұқсастығы болып тек түбірлес қана емес, түбірлері әртүрлі сөздер де ұшыраса береді (**фельетон — фаэтон, бешмет — шербет, миық — милық, қарығу — қарлығу** т. т.).

Сондықтан пароним деп бір-біріне айтылу, жазылуында ұқсастығы көп болғанмен, мағыналары әр басқа сөздерді таңуға тиіспіз. Мысалы: **қарасан — қорасан, қырсау — құрсау, былғау — булғау, босау — босану, үру — үрлеу, қайтып — қайтпін** т. т.

Алайда сөз қолдану практикамызда, әсіресе көркем шығармаларымызда, осы ұқсастықтары салдарынан мұндай сөздердің дұрыс жұмсалмай жүрген орындары кездесіңкірейтін болып бара жатқаны байқалады. Диссертацияда бұған келтірілген мысал біраз бар. Солардың кейбірі: 1. Үш — үш (үшы — үші). Арқаларында мылтықтың үші шошаяды (І. Е.). Үші киіміне ілігіп (С. М.). Аяғының үшінен жорағалайды (Б. С.). Кідіріп қалды сөздер тіл үшінде (С. М.). Танауының үші терлеп (Р. С.). Қол үшін бере алмаған (М. М.). Ернің үшімен сөйлесіді (Ж. Т.). 2. Шүйіру — шиыру. Танауын аспанға шиыратын... тұмсықтарын шиыра қарайтын (А. Б.). 3. Миық — милық. Етігі милығынан майыспай, аяқтан түспей жатыр. Қыз милығынан күлді. Енді Қияқмұрт милығынан күлді (Қ. Ы). Екі миығы сояқ-сояқ етеді (Ә. Т.).

Жұмыста бел алу мен белең алу фразалық тіркестерінің де бірінің орнына бірі қолданылып жүргеніне нақты мысалдар келтіріліп, бұлардың (тіркестердің) мағыналық айырмашылықтарының қандай екені дәлелденді. Сондай-ақ **иірім** мен **үйірім** жөнінде де пікір айтылып, **ию** омонимінің де («сиырдың июі» мен «талды ию» дегендегідей) талғамсыз жұмсалған орындары, **исіну** сөзінің **ию** және **імеу** деген

4. Вишнякова С. В. Пароним в русском языке. М.: Высшая школа. 1974. С. 3.

1. Колесников П. П. Словарь паронимов. Тбилиси. 1971.

омоантоним түрінде қолданылып жүргені де сөз етілді. Дегенмен пароним мәселесін арнайы зерттеп, лексикалық бұл категорияға жататын сөздердің сөздігін жасау туралы ойлану жөн сияқты.

5. Бейтаныс сөздер. Тілімізде мағынасы жалпыға бірдей түсінікті болып келе бермейтін сөздер аз емес. Мұндайлар диалектизм, профессионализм, архаизмдер мен авторлық неологизмдердің бірақтары және сирек қолданылатын сөздер. Бұларды ақын, жазушыларымыздың қай-қайсысының шығармасынан да кездестіруге болады. Мысалы: сейдін, құлмақан, лауқилас, ымбал, шыта, шомыт, паяпарлау (Сәкен Сейфуллин); аппал, дере, жошын, кесесу, кішімтай, құлжамды, лаурау, мазатсу, мешіл, можа, налык, нор, пәрмене, сауырсын, тебіз, үзін, уақып, шоян, шұрайлау (аттың өзүн// М. Әуезов).

Диссертацияда мұндай сөздердің 250-дейінің тізімі берілді, ал ұшырасқанының жалпы саны 400-ден асады.

Мұндай сөздерді қаламгерлеріміз әр түрлі стильдік мақсатта және көптің игілігіне асар, жалпыхалықтық сипат алып кетер деген ізгі үмітте пайдаланады. Алайда өкініштісі сол — бойларына ана сүтімен бірге дарыған не құлақ түре жүріп мысқалдап жинаған я тіпті «мидың мың градус-тық домнасына» салып өздері қорытып шығарған мұндай сөздерін көпшіліктің назар-талғамына ұсына отыра, бұлардың нақты қандай мағынаға ие екендігі, кейде төркіндері туралы (мәселен, «сөре» деп жаугершілік заманда өлген адамдарды мекеніне апарып жерлегенше қалдыра тұратын жарым ұй-жарым жапаны айтады (Ұлпан, 63-б.) деген Ғ. Мүсірепов тәрізді) қаламгерлеріміздің түсінік бере кетпейтіні.

Бұл топқа жататындардың көпшілігі-ақ контексіне қарай топшылатпайтын, сөздіктерде жоқ, бар бола қалған күнде де қалай қолданылып тұрғаны кейде түсініксіз күйінде қалатын сөздер болып келеді: Анаммен жасты сарамжал сақы шешейлер (А. Н.). Қызық қуған қызыр күнім жоқ қазір (І. М.). Сапқының тасындай зырқыраған салт атты (Қ. Ж.). Жалбыз болып жүрмін мен, жәуміт тамшым (Қ. М.).

Белгіленген сөздердің сөздіктегі мағыналары — «сараң, жомарт, қотыр немесе жауыр, кеспе жейтін істік екі ағаш (ДС, 285, 200, 218, 286), жексұрын» (ТС, 225). Ал осылардың әрқайсысын тиісті орындарына қойсақ, «жексұрын тамшым», «қотыр күнім» т. б. болып шығады. Демек, бұлар

сол түсініксіз қалпында қалып қояды.

Кейде тіпті жақсы таныс сөзіміздің бейтаныс болып тұратын орындары да кездеседі. Мәселен, **арда**, **майса**, **саз** сөздерінің мына контекстерде қандай мәнде жұмсалып тұрғаны да беймәлім: **Арда** тудың астында (А. Н.). **Арда** жер иіген кез (К. М.). Ұрлана ескен **майса** самал (С. С.). **Жаз** шығып, **саз** құлпырды (М. Б.). Шөбі жаңа орылған **маз** (Е. Т.).

Сонымен қатар, жоғарыда келтірілгендей, мағынасын көпшілік біле бермейтін сөздердің кейбірінің жазылуы да әр түрлі. Бұл, бір жағынан, сөздікпен жұмыс істеуді қиындатса, екінші жағынан, көп варианттылық туғызып жүр: **қайыл** — **хайыл**, **аласат** — **арасат**, **қайбана** — **қаймана** — **қайуана** т. т.

Жалпы, мұндай сөздерді қолданғанда, қаламгерлеріміздің бұларға жақша ішінде не шығарма бетінің соңғы жолдарында түсініктеме беріп отырғаны, «Ана тілі», «Қазақ әдебиеті» газеттерінде, «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналында «Оқырман мен автор» айдарымен сұрақ-жауап бұрышы ұйымдастырылғаны, әрине, дұрыс болар еді.

6. Жарыспалы сөздер. Бұндай сөздерді зерттеуге арналған күрделі еңбек — И. К. Ұйықбаевтың «Қазіргі қазақ тіліндегі варианттылық проблемасы» (А. 1976) монографиясы.

Алайда осы мәселе жөніндегі пікірлердің әлі де айкындықты қалайтын немесе көңілге аса қонымды көріне бермейтін тұстары жоқ емес. Мәселен, Ә. Болғанбаев «Синонимдер мен дублет сөздердің арақатынасы» мақаласында: «Синоним болатын сөздердің не мағынасында, не стильдік мәнінде немесе сөз қолдану аясында, әйтеуір, бір өзгешелігі болуы — шарт. Ал дублеттерге мұндай шартты белгілер мүлдем қойылмайды, олардан талап етілмейді де, дублеттердің барлық жерде де бір-бірінен ешбір айырмашылығы білінбей тұруы керек. Тек сондай теңбе-тең, бірдей, жұп сөздер ғана дублет деп танылады»¹, — дейді. Ал И. К. Ұйықбаев аталған еңбегінде дәл осы сөздерді цитатаға алады да: «Сөз варианттары синонимдердің бір саласына жатады. Қатыстық синонимдерге мағыналары бір-біріне жақын, жуық сөздер жатады да, ал абсолюттік синонимдерге сөз варианттары, сөз дублеттері, сөз параллелизмдері жатады»², — деп, синонимдер сөздігіндегі «атрап — төңірек — өңір — маңай; жарлы — кедей;

1. Болғанбаев Ә. Синонимдер мен дублет сөздердің арақатынасы. Алматы. 29-30-б.

2. Ұйықбаев И. К. Қазіргі қазақ тіліндегі варианттылық проблемасы. Алматы. 1976. 13-б.

жәрдем — көмек — болысу; әңгіме — кеңес; ел — халық — жұрт; шапшаң — жылдам — лезде; адам — кісі» сияқты біраз сөзді варианттар (немесе лексикалық-семантикалық дублеттер) мысалына келтіреді. Түсініксіз.

Бұған қоса, монографиядан кей тұстарда варианттар жігін де ажырату қиынға соғады. Айталық, **өйткені — үйткені, уайым — уәйім, пәле — бәле, тамам — тәмәм, күмбір — гүмбір, мынадай — мынандай**-лар (111-112) орфоэпопиялық, ал тұлғасы жағынан дәл осылар тәрізді өзара бірер дыбыстық қана айырмашылығы бар **сөйгіп — сүйгіп, рұқсат — лұқсат, ұсару — суғару, қолдану — құлдану, балуан — палуан**-дар (18-35) лексикалық-семантикалық варианттар болып бөлінген. Сөйтіп, келтірілген мысалдардың бір-бірінен қандай белгілеріне байланысты оқшауланып, екі вариантқа жіктеліп тұрғаны да, сондай-ақ әр түрлі мағынада қолданылатын **қаңылтақ — қоңылтақ, ұлық — ұлы** сөздерін автордың варианттар қатарында қарау себептері де дәлелденбеген.

Екінші бір автор: «батыру (суға), матыру (шөмішті) тәрізділер де бір мағынаны білдіретін фонетикалық варианттар емес, жеке-жеке мағынасы бар лексикалық сөздер екендігінде дау жоқ»¹, — деп жазады. Біздіңше — **мұрнағы, мелше** тәрізді — **матыру** да сөз басындағы «б» дыбысының «м» фонемасымен алмастырылуынан пайда болған вариант қана (көңілге тіпті бұл туралы «Осының өзі **малу** және **батыру** етістіктерінен жасалып жүрген бұдан емес пе екен?» деген сұрақ та оралады).

Сонымен, бұл айтылғандардан тіліміздегі жарысналық проблемасында пікір алысып, нақты тұжырымдармен түйіндейтін мәселелер әлі де бар екені аңғарылады. Әсіресе бір-бірінен бірлі-жарым дыбыстық өзгерістері бар варианттар жайында пайымды нәтуәге келудің ұзаққа созылмағаны абзал. Себебі бүгінгі сөз қолдану ретімізде арзан, жасанды дублеттер жиі көріне беріп жүр. Мысалы, **даурығу, үлбіреу, үсіну, шылп ету, бұрнағы, белше** т. б. біралуан сөздердің **дәурігу, үлпіреу, үшіну, шілп ету, мұрнағы, мелше** болып қолданылуы — осының айғағы. Және өкініштісі — осылардың көпшілігінің кейіпкер тілінде емес, қаламгерлерміздің өз баяндауларында ұшырасатыны.

Диссертацияда **көкейкесті — көкейтесті, созбұйда — созбұйда** жұптары туралы да жасалған талдау, айтылған пікір бар.

1. Қалиев Б. Сөзді саралай бітейік.// Өрелі өнер (жиілік). Алматы. 1976. 115-б.

Әрине, жарыспалылар — сөз қолдану жарасымы жүйесінде өзіндік орны бар сөздер. «Бірақ варианттың да варианты бар... атқаратын қосымша қызметі жоқ, әдеби тілдің тазалығына нұқсан келтіріп, әр жерде бір аяққа орала беретіндері — басы артық варианттар»¹.

7. **Диалектизмдер.** Бұлар, белгілі бір аймақ тұрғындары үшін атқаратын қызметіне қоса, әдеби тіл үшін де, әдебиет тілі үшін де қажет қазына.

Алайда жергілікті ерекшелігі бар сөздерді жинау мақсатында ұйымдастырылған алғашқы экспедициямыз 1937 жылы сапарға шыққанмен, осыншама ұзақ уақыт бойы Қарағанды, Жезқазған облыстары сияқты көлемді аймақ тұрғындарының тіл ерекшелігін айқындау «нашар зерттелді» зерттеле бастады» — мен созбұйдаға салынып келеді. Бұл өлкенің қолдануында жалпыға беймәлім, көптің талғамына түскендей талай сөздің болғаны, олардың кейбірінің қазір тіпті ұмытыла да бастағаны — шындық. Бұған жергілікті ақын Ғ. Игенсаровтың кезінде: «Өзіміз өскен ортада өзгеден артықсып кеудесін көтере жүретін адамды «ади» деуші еді. Осы «ади» секілді «асабалы» деген сөз де мүп-мүкилас ескерусіз қалды. Сөзін қаншама асыра айтып күпінгенімен, оған еш шама-шарқы жетпейтін адамға «Әліңе қарамай, асабалы сөйлеу ненді алған» дейтін мәтел де болушы еді. Тек бұл екеуі ғана емес, «әуезе», «дәнікүжыр», «нәубез», «ұдасқал» тағы басқа осы сияқты көптеген сөздер қыркыншы жылдардан бергі баспасөз бетінде өте сирек қолданылып келе жатыр. «Дәнікүжыр» орыстың «рациональное зерно» деген сөзінің баламысына жақсы келетін сияқты»², — деп жазғаны — дәлел.

Бірақ біртанғалдыратын жай — алпыс жылға таяу уақыт бойы зерттеліп, қаншама ғылыми еңбектер жазылып, көп адам ғылым кандидаты, докторы атағын алып жатқанына, академиямыздың Тіл білімі институтында осы мәселемен айналысатын арнайы бөлім жұмыс істейтініне қарамастан, «Өз басым қазақ тілінде диалект болмаған деген пікірді қостаймын», «Қазақ тілінен диалект іздеудің күні өткен» деп кеуде керушілердің бары.

Бір жағынан, осындайлардың да салқыны тиетін шығар, жергілікті ерекшелігі бар сөздерді орынды қолдану қажеттігі дұрыс ескеріле бермей келеді. Әрине, қаламгер әдсби

1. Қайдаров Ә. Сөз өнері дертпен тең.// ҚӘ. 1983. № 29.

2. Игенсартов Ғ. Сөз байлығын пайдалана білейік.// ОҚ. 1968. № 179.

тілімізде баламасы жоқ **памидор, горчица, еркек үйрек**-тердің орнына **қызғанақ, қышыр, кежегдар** деп жазса немесе **рабайда, рабат, ботана**-ларды кейіпкерге айтқызса және бұлардың қайда қандай мағынада қолданылатынына түсіндірме беріп отырса, онысы лайықты болары сөзсіз. Алайда жағдай бұлай емес. Мысалы: «**Кең шайлаға үйренген басы байқамапты, кеудесін оқыс көтергенде, кеурек шарттақтың бір іргесін саудыр еткізіп қоса көтерді**» (Д. И.) деген бір сөйлемнің өзінде үш диалектизм қолданылып тұр. Демек, бұл — көркем шығарма көпшілікке арналатындықтан, сөздің сол көпке түсініктісін, әдеби вариантын пайдалануға міндетті екеніміздің ескеріле бермейтінін көрінісі.

Тіл мәселесі туралы көбірек толғансы, ізденісте жүретін ақынымыз М. Әлімбаев кейінгі бір жинағында: «Наныңыздар, менің ауылымда да талай «қызык» сөз бар, бірақ мен соларды әдеби нормаға қайшы болғандықтан шығармама қоспаймын. Әркім — өз ортасынын, әуелінде өз ауылының төл баласы, кішкентайынан құлағыңа сіңген сөз саған ең дұрысы, ең асылы боп сезілуі даусыз. Бірақ бұл — пәндей сезім ғана, ғылыми көзқарас емес. Олай болса, біз өзіміздің мүддесін ойлауымыз керек!»¹, — деп әділін айтады. Бұның, шынында, жай тілек, ескертпе не ұран емес, әрі шешім, әрі кесім екені талассыз.

II Тарау. Сөздің тұлғалануы. «Әрбір сөздің өзіне тән тұлға-түрпаты болады, сол тұлға-түрпаттың арқасында әрбір сөз бір бүтін тұлға (единица) ретінде қызмет етеді»² және контекст талабына сай ол бірде түбір күйінде, бірде белгілі бір қосымшалар жалғанған түрде жұмсалып отырады. Бұл тараудың кіріспесінде, алдымен, осы түбір мәселесіне байланысты морфема мен сөз жөніндегі пікір-тұжырымдар сарапқа салынды. Оған себеп болған — бұлардың әр қилылығы, қайшылықтары барлығы. Мәселен, ғалымдарымыздың бірі: «Түбір морфема өздігінен жеке тұрып семантикалық жағынан да, қызметі жағынан да дербес сөз бола алады»³, — десе, екіншісі осы тұжырымның дәлеліне келтірілген **бар, тіл, жол, кел, жүр**-лерді қайталап: «Шынында, бұлар түбір сөздер, оларды тағы морфема деп үйрету — грамматикалық шатастыру»⁴... — деп сын айтады. Ал орыс тіліндегі әдебиеттер-

1. Әлімбаев М. Қалам қайраты. Алматы. 1976. 219-б.

2. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. Алматы. 1974. 24-б.

3. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. Алматы. 1974. 25-б.

ден «Морфема корневая минимальная (предельная) база слова, несущая его основное лексическое значение: стол-ик-а»³. «Корни — это такие морфемы, которые могут использоваться в речи самостоятельно... Морфемы, как единицы языка, имеющие и значение и форму»⁴ деген анықтамаларды оқимыз. Мысалға келтірілген **пальто, кашне, очень**-дер құрылымы бір морфемалы, **учительница** 5 морфемалы (учитель-ниц-а) сөздер болып қаралған. Сөйтіп, айтылған пікірлердің көпшілігінде морфема түбір тұлғамен қабысып сөз түрінде де келетін бөлік болып түсіндіріледі. Сондықтан морфеманың осы негізде кейде толық мағыналы сөз, көбіне сөздің ең кіші мағыналы бөлінегі болып қабылдануы жөн саналады.

Бұдан кейін сөз қолдануда морфемааралық мағына, түр жарасымның, анығырақ айтқанда, сөздің тұлғалану заңдылықтарының ескерілу, сақталу жағының қандай жай-күйде екені жұрнақ, жалғаулар, морфологиялық кейбір тәсілдер қызметіне байланысты қарастырылды.

1. **Жұрнақ қызметі.** Жұрнақ — түбірден кейінгі негізгі морфема, сөздің, тілдің құты; оның сөз тудырушы, түр (форма) тудырушы түрлері бар. Жұмыста бұлардың, негізінде, теориялық жағы емес, табиғи қызметінің қалай пайдаланылып жүргені жөніндегі зерттеу деректері баяндалды.

Бұл, алдымен, сөзжасамаға байланысты әңгімеленді. Оның себебі осы мәселенің қолға ерекше алынуында жатыр. Шынында да, кейінгі уақытта тілге байланысты қабылданған қаулы-қарар, заң, белгіленген шаралар, қол жеткен мәртебе ана тіліміздің ішкі мүмкіндіктерін еркін пайдалануымызға жол ашқандықтан, бұрын өзімізден балама іздеуді ойымызға да алмастан, құшақ жая қарсы ала берген кірме сөздеріміздің бірқатарын-ақ қазақшалауға батыл кірісіп кеттік. Соның нәтижесінде сан жағынан 80 процентке дейін жеткен өзге тілдік терминдер саны біраз кеміп, сөздік құрамымыз төл қазыпамыздағы пайдаланылмай жатқан бұлақ-көздермен байн түсуде.

Әрине, жаңа сөздер, сөз тіркестері тек терминдерге ғана емес, адам, қоғам өмірі қажет еткен тұстардың бәріне байланысты жасала беретіні белгілі. Сондықтан жұмыс жеке неологизм мәселесіне арналмағандықтан, жаңа сөздер тұрмыс-

³ Мамапов Ы. Шала ғылым шырқ • бұзар. // АТ. 1991. № 47.

⁴ Ахмапова О. С. Словарь лингвистических терминов. М. Советская энциклопедия. 1965. С. 241.

⁵ Современный русский язык. М.: Высшая школа. 1989. С. 251-252.

тық, техникалық т. б. деп топ-топқа жіктелмей-ақ, аралас қарастырылды.

Сөзжасам, негізінде, ұзақ уақыт бойы қалыптасқан жолдар: жұрнақ, екі түбірді біріктіру, ертеректе қолданылған сөздерді жаңа мағынаға ие ету, толық мағыналы сөздерді тіркестіру — арқылы жүзеге асып жататын процесс екені белгілі. Айталық, «әдістеме, жалгер, жылытқы, қайнатпа, тапсырыс, өтемақы, елтаңба, елұран, ұжым, мәзір, аудан әкімі, мердігерлік өдіс, әскери желік, тік байланыс, көлбеу байланыс» т. т. — әлгі айтылған жолдармен жасалған неологизмдер. Осылар сияқты, өмірге келгенде, ішке тіл дүнесінің қақпасын еркін ашып енетін әр сөз — халық үшін үлкен табыс, қымбат қазына. Сондықтан да бұлар баршаның көңіліне бірден ұнап, еш жатырқаусыз қолданылып кете беруде.

Бірақ жаңадан жасалып ұсынылғанмен, бірқатар сөздер тіл практикасында қолданым тауып жатқан жоқ. Мысалы: «гүлгүл (букет), дүлдүл (чемпион), жүрісші (пассажир), әдемиет (эстетика), тойкәде (тост), үнүлгі (стиль), ұнпарақ (листовка), ұнқағаз (газет), ұнсандық (телефон), інгәнәй (родильный дом), сөзен (текст), масқарампаз (клоун), дәметкер (подшефный), мұхаррар (редактор), мұхтасар (конспект), ғамалия (процесс), нүрзия (проза), уәзипа (функция) т. б.

Бұлардың лексикамызға кіріп-кірігіп кетпеу себебі алдыңғыларының сапалы тұлғаланбауында, соңғыларының өзге тілділігінде. Мәселен, **гүлгүл**. Гүл — жағымды атау. Алайда бұны екі емес, үш қайталасак та, **букет**-ке лайық балама бола алмайды, себебі мағына сәйкесімі жағынан бұдан да, тіпті **гүлдесте**-ден де **гүлшоғы** жарасымды. Сондықтан да көпшілік қолдануында қазір соңғы вариант жүр. **Жүрісші** — етістіктен жасалған зат есім. Тіл практикасында «ыс, іс, с» жұрнақтары туғызатын зат есімдер «шы-ші» қосымшасымен қолданылмайды. Сондықтан да «айтысшы, жүгінісші, туысшы, қонысшы» демейміз. Демек, соңғы екі морфема (іс-ші) арасында мағына жарасымды болмағандықтан, **жүрісші** көлтің талғамына, сөзжасам талабына сай келмей тұр.

Бұл айтылғандардан сөзжасамның дәйім тілдің ішкі заңдылықтарына сай жүргізілуге тиіс процесс екені көрінеді. Аял қанша, іс жүзінде бұны ескере бермейтін кездеріміз болмай жатқан жоқ.

Жұмыста бұған нақты бір дәлел ретінде **егеменді, ақпарат** терминдерінің жасалу сәтсіздігі және олай болу себеп-

тері толық талданды. Сонымен бірге жұрнақ қызметін пайдалануда оның морфемалық құрамын не орынсыз қысқартып, не ұзартып, не өзгертіп немесе сөзге жұрнақты лайықсыз, күшпен жалғап жұмсау фактілері кездесетіні айтылып, мысалдар келтірілді: дауау, ұзаю; тораңғыл кейінбеу («кейімеу» мағынасында); қауышу, ауышу; өрелі (кніз), көсемше (көсемшеге жегілген ат), бесінді (бесіндіге таяна), дәлді, нақтылы, диканшы т. т. Бұлардың алғашқы екеуінде «ла, р» түсіп калса, жалғас екеуіне «л, н» артық үстемеленген, кейінгі екеуінде ыс жұрнағының орнына ыш қолданылып, соңғы алтауына «лі, ше, ді, ді, лы, шы»-лар еш қажеттіліксіз жамалған. Өйткені сөз тудыратын бұл жұрнақтар жалғанған сөздеріне белгілі бір лексикалық мағына үстеуге тиіс. Ал бұлар ондай қызмет атқарып тұрған жоқ: дәл мен дәлді, нақты мен нақтылы-лардың арасында мағыналық ешқандай айырмашылық жоқ; өрелі, көсемше — басқа контекстке лайық тұлғадағы сөздер («өрелі ат», «етістіктің көсемше түрі» дегендей); «мұғалімші, дөрігерші, ғалымшы» демейтіміз сияқты, диканға шы-ның жалғануы да қате. Жұмыста сөзді қосарлап тұлғалау (редупликациялау) ретімізде де сәтті көріне бермейтін қолданымдар бары назардан тыс қалған жоқ. Мысалына «сәл-сәл, біраз-біраз, қай-қай, сәт-сәт, тым-тым, аз-аз» сияқты қайталамалар келтірілді.

2. Жалғау қызметі. Тіл функциясында жалғау орны да ерекше, себебі бұл — әсіресе сөз бен сөз арасындағы байланыс дәнекері, жұрнақтардан гөрі де өрісі кең категория. Сондықтан бұл бөлім сөз қолданысымыз жүйесінде әр жалғаудың өзіне тән ерекшелік-заңдылықтарының сақталу, ескерілу жай-күйін сипаттауға арналды. Алдымен қарастырылған — **КӨПТІК ЖАЛҒАУ.**

Бұның қолданылуында мынадай ауытқулар бары байқалды: 1) тәуелдік жалғауынан кейін қойылу: Аққан судан аяқ астылары шылқылдады (С. С.); 2) жинақтық сан есімдерге жалғану: Екеулері бесатар мылтықтарын... (К. О.). Екеулері ел-жұрттан қымсынбайды (Б. С.); 3) есептік сан есімдерге жалғану: Бірілерінің үйлеріне бірілері келді (ЛЖ); 4) лексикалық мағыналарының өзі көптік ұғымға не барлық, бәрі, көп, барша сөздеріне жалғану: Бәрілері де рольдерін тәуір атарды қ (Б. С.); 5) есептік сан есімдер және көп, аз, әлденеше, бірнеше, біргалай, қыруар тәрізді сөздермен тірескен зат есімдерге жалғану: Әлгі екі алфавиттердің 15-20 шақты әріптері біртектес болып шықты (Б. Б.). Бір топ адамдар кіре бастады (Г. Т.).

Белгіленген сөздердің бәріне де көптік қосымшалары тіл ережелеріне қайшы жалғанып тұр. Мысалы, **астылар** сөзінің түбірі **аст**, «ы» — тәуелдік жалғау қосымшасы, көптік жалғаудан бұрын келіп тұр. Демек, «ішілер, алдылар, маңылар» демейтініміз сияқты, «астылар» деуіміз де қате. Тәуелдік қосымшасының екінші рет қайталану себебі де сондықтан (**астылары**).

Дұрысында, бұл сөздің көпті формасы **аст-тар** болып тұлғалануға тиіс. Бірақ түбірі екі дауыссызға (**ст**) және «т»-ға аяқталып, жалғанатын қосымшаның басқы дыбысы тағы дауыссыз («т») болып келетіндіктен, түбірдің соңғы әрпі («т») түсіріліп, **астар** түрінде қолданылып қалыптасқан: **Астарына** кара ат мініп, **үстеріне** кара киіп тұрған қарауылдар (Ә. К.).

Қазіргі сөз қолданысымызда өсіресе зат есімге көптік қосымшасының жиі жалғанатын болғаны — ақиқат. Бұл, әрине, орыс тілі әсері екені белгілі. Дегенмен әр тілдің өз ерекшелігімен есептесіп, сөйлемдерімізде, жоғарыдағыдай «15-20 шақты әріптері...» демей, «15-20 шақты әрпі, екі алфавит, бір топ адам» деп жазуға тиісті екеніміз сөзсіз. Аударма текстерінде түп нұсқа тұрғысынан тіпті көптік жалғау жалғануы заңды көрінетін орындардың өзінде де оны өз тіліміздің табиғатына сай ықшамдап қолдануды ескеру қажет. Мысалы, «Бұл жоғарыда аталған магазиндерден бөлінген автолавка-ла совхоздардың орталықтарын, сондай-ақ фермалар мен бригадаларды жиі аралап тұрады. Магазиндердің қызметкерлері тұтынушылардың қажет еткен кітаптары жөнінде алдын ала заказдар қабылдайды (ОК). Соңғы жылдары жеке адамдар өміріндегі мерекелер мен салтанаттар қоғамдық ұйымдар назарынан тыс қалмайтын болды» (ЛЖ) тәрізді мысалдардағы арасында жік жоқ көп лар-лер, дар-дер, тар-тер-дің біразып (мәселен, «совхоз орталығы, ферма, бригадалар; тұтынушы қажет еткен кітаптар жөнінде заказ; жеке адам өміріндегі мерекелер мен салтанаттар» деп) қысқарту жөн.

Тәуелдік жалғау: Бұны қолдануымыз да мінсіз емес. Мысалы: Өткен жазда Зарықканның бәйге **сұрысы** жоғалды. Ақшолақ атының **сауырысын** көлденең тарта берді (К. О.). **Біреуісі** көріп, **біреуісі** орнынан түрегелді (Б. С.). **Өз торсығысы** мөллектеп тұр (К. Ы.). **Месісін** жаудан алып қашқан жануар (Р. Н.).

Бұларда белгіленген сөздер «сұрысы, сауырысы» т. т. болып екі реттен тәуелденіп тұр. Дұрысы, әрине, «сұры, сауыры» т. б. Себебі бір сөзге бір жалғау қос қабатталып жал-

ғануға тиіс емес.

Қазір көп сөзі де осылай тұлғаланып және жиі қолданылып жүр.

Сөздікте оның (**көбісі**-нің) сөйлеу тілімізге тән айтылым екені ескертілген. Сондықтан бұны, негізінде, кейіпкер сөзі мен жазып отырған контекстіміз ерекше бір қалайтын тұстарда ғана болмаса, авторлық баяндауда қолдану әдеби тіл талабына сай келмейтіні сөзсіз.

Бұлай үстемеленген III жақтық қосымшамен қолданылғандар тек жоғарыдағылар ғана емес. Мұндайлардың қатарында «күлпысы, әзірейлісі, ақырысы, уақытысы» болып тұлғаланып «күлып, әзірейіл, ақыры, уақыты» сөздері де жүр.

Тәуелдік жалғаудың тіпті кей сөздерге, жалпы, қате жалғанған орындары да ұшырасады. Мысалдар: **Сүрі** қарлас болады. **Сүрі** қарды көксерп құлады (Е. Р.). **Сүрі** еттің иісі танау жара аңқиды (К. О.). **Кері** ат ағын өтті. **Кері** ат ала-ала қашады (С. Ж.).

Ереже бойынша, «Сый есім анықтауыш қызметін аткарып тұрғанда, еш уақытта да тәуелденбейді, көптелмейді және септелмейді»¹. Сол себепті де қазақ баласы баяғыдан-ақ «сүр ет, сүр май, сүр қазы, кер жорға, кер бесті» деп келеді, шығармаларында бұл тіркестерді жазушыларымыздың көпшілігі осылай қолданады да: **Сүр** ет, сары май, сары бауырсақ — бәрі де дәмді (Ж. М.). Қазының **сүр** иісі... Асқаны **сүр** ет болды (М. С.) т. т.

Ал «**Керіні** таңға байлап мінген қандай!» (С. Ж.). «**Сүрі** асқан екен», «**Сүрі** жеп шықты» (К. Ы.) деген сөйлемдердегі «сүрі» мен «кері» сөздері сындық емес, заттық мағынада (субстантивтеніп) жұмсалған, бірақ дұрыс тұлғаланбаған. Себебі тәуелденетін сөз әдетте ашық не жасырын қосымшалы ілік септігіндегі сөзбен ғана тіркеседі. Бұлар ондай ыңғайда алынып тұрған жоқ, сондықтан олар тәуелденуге тиіс емес, «кер, сүр» болып қолданылуға тиіс.

Осы айтылғандарға қоса, жұмыста үрпі, мәсі сөздеріндегі «і»-нің тәуелдік жалғау қосымшасы болуы ықтимал деген топшылау, ой-пікір де бар.

Септік жалғау. Бұның қызметін пайдалану ретімізде де тілдік дәстүр, нормамен дұрыс қабыспайтын, жансақтық жіберілген тұстар ұшыраспай отырмайды. Мысалы: **Алдыда** қырқалар жатты. **Астыға** қараса таулар; **үстіге** қараса, ас-

1. Ысқаков А. Қазіргі қазақ тілі... 174-б.

пан (Ш. М.). Ол үстiде, Қойшыбай астыда (М. Мәжитов). Оны да күнiге Екатерина бiлiп отырған (С. Ж.).

Бұларда «алды, асты, үстi» көмекшi есiмдерi мен күнi сөзi тәуелдi емес, жай септеу үлгiсiнде септелген. Демек, «баласыға, баласыда, үйiге, кезiге» демейтiнiмiз сияқты, «алдыға, астыға» т. б. деп сөз тұлғалау — қазақ баласына ұят. Ал келтiрiлген мысалдарды қаламгерлерiмiз, тiптi кейiпкердi сөйлеткенде де емес, өз баяндауларында қолданған. Бұл, бiр жағынан, «Бейне әкендей үстiне аспан төнер», «Кiсi алдында кiрбеңдеп», «Патшаның ат үстiнен көзi түстi» т. т. деп жазылған Абай жолдарына да, сiрә, көзiмiз түсе бермейтiнiң көрiнiсi шығар.

Сөздi септеп қолдануымызда байқалатын тағы бiр заңсыздық, тәуелдiк жалғаудың III жағы қосымшасы сияқты, бiр сөзге бiр септiктiң қосымшасын қабаттастыра жалғайтынмыз: Суреттi көргендер Менсұлуды бiрденнен таныды (К. Қ.). Оғанға дейiн iшiгiн кидi (Е. Р.).

Жiктiк жалғау. Өзге жалғауларға қарағанда, бұл — жиi қолданылатын, қызметi де күрделi категория. Мүмкiн, сол күрделiлiгiне байланысты да шығар, тiл практикасында бұның кейде ескерiле бермейтiн өзiндiк азын-аулақ ерекшелiгi де бар. Солардың бiрi — «Ауыспалы көсемшенiң (а, е, й формалы) үшiншi жағының жiктiк жалғауы барлық басқа жағдайларда түсiрiлмегенмен, сұраулық шылау тiркесiнде, әдетте, қолданылмайтыны»¹. Мысалы: Балаң мейiрiмдi болып, асырарлық болып туа ма? Хикмет көптен тарай ма, бiрден тарай ма? Барушы айта ма? (Абай). Бұларда баяндауыштар «туады ма, тарайды ма, айтады ма?» болып қолданылып тұрған жоқ.

Алайда бұл ережемен есептеспей, етiстiктердi осы соңғы тұлғада қолданушылар ұшыраспайды емес. Мысалы, қазақ тiлiн үйренушiлерге арналып жазылған бiр оқулықтан сұраулық шылаулардың «оқиды ма, жазады ма, iстейдi ме, келедi ме» т. б. болып тiркестiрiлгенiн оқысақ, бастауыш класс оқушыларымен тiл дамыту сабағын жүргiзген бiр мұғалiм сұрақтарын «Қоян үй жануарына жатады ма, жабайы аңдарға жатады ма?», «Мысық...», «Аю...», «Пiл... жатады ма?» деп қоюмен болды (Алматы радиобабы, 30.01.93).

Екiншiсi — есiмшеге жоқ, емес сөздерi тiркескенде, жiктiк жалғаудың есiмшеге емес, кейiнгi екi сөзге жалғанатыны: «айтқан жоқпын, барған емесiң» т. б. Ал сөз қолдану прак-

1. Ысқақов А. Қазiргi қазақ тiлi... 77-б.

тикамызда бұл заңдылық та сақтала бермейді: «кісынсыздықты көріп тұрғанымыз жоқ, оқығанымыз жоқ, олай дегеніміз жоқ» т. т.

3. **Өзге амал-жолдар.** Бұлар арқылы фразеологизм, мақал-мәтелдер, сөйлеу тілімізге тән сөздер мен сөз тіркестерінің жұмсалып, тұлғалық (құрамдық) өзгеріске түсу (трансформациялану) жайы қарастырылып, ұтымды жаңарымдар мен соны жасалымдарға бірқатар ақын, жазушыларымыз шығармаларынан деректер келтірілді. Мысалы: Сынық көңілім көп кешер. Қайдан ғана біледі жеңіл менен ауырдың арасымен өтерді? (Абай). Жақсы қаулы — жарым іс (Ғ. Мұстафин). Бұларда «Сынық арба көп кешер», «Жақсы сөз — жарым ырыс» мәтелдері мен «Ауырдың үстімен, жеңілдің астымен» фразеологизмі жаңартылған. Ал Ә. Нұрпейісов «бұлт қысырады» сөйлем-тіркесін қысыр бұлт-қа айналдырса, Ш. Мұртазаев «Алитет тауға кетіп барады» аталатын шығарма аты мен орыстың «Жұмыс — қасқыр емес, тоғайға қашып кетпейді» мәтелінен «Жұмыс — Алтиет емес, тауға ақшып кетпейді» деген жаңа сөз орамын туғызады.

Міне, келтірілген мысалдардан көрінетіндей, тұрақты болып қалыптасып қалған мұндай күрделі құрамдардың тұлға-түрпатына енгізілетін азды-көпті өзгерістер, негізінде, бір сөзді екінші бір сөзбен алмастыру не түйдектің мазмұнын ғана сақтап, құрамындағы сөздерін түгел не соған жақын жаңарту, не сөздерінің орнын ғана ауыстыру немесе екі түрлі құрамды біріктіріп жаңалау сияқты амал-жолдармен жасалып жүр.

Алайда көркем шығармаларымызда тұрақты сөз тіркестері мен мақал-мәтелдерге жасалып жүрген өзгеріс атаулының бәрі бірдей ұнамды көріне бермейді: Бірақ сол бір ауыздықпен мұз жалаған күндерде ел басын біріктірген (Қ. Ы.). Қысқа жіптері күрмеуге, ұзын жіптері жөрмеуге келмейтін қолы қысқа жоқ-жітік (С. Ж.). Бірінші сөйлемде «ауыздықпен су ішу» мұз жалау болып өзгертілген. Сәтсіз: мұзды жалайтын — сиыр малы, ал жылқы күрек тістерімен кеміреді. Демек, мақалдың бұл бөліміне енгізілген жаңа тіркестің мәні шындыққа қайшы. Екінші мысалдың жайы да осындай: қысқа жіптің күрмеуге келмейтіні — ақиқат, ал ұзын жіптің жөрмеуге келмейтіні кісіні иландыра алмайды. Автор қаламы жай ұйқас жетегінде кеткен.

Газет, журнал беттері мен сөйлеу тілімізде де лайықсыз не жансақ өзгерістерге түсіп жүрген фразеологизмдер жоқ емес: «Екі кеменің басын ұстаған...», «Ішкен суға түкірмес

болар», «Ат басын салу», «Ойына күйін түсті» т. т. «Әкең өлгенмен...» деп айтылатын демеу сөзді біреулер «Әкең өлсе, өлсің, ...» деп марқұмда тап бір өшкі кеткен адам тәрізденіп айтып жүр, осылай жазатын газеттер де бар. Ал «Лениншіл жас» газеті «Жұмыла көтерген жүк жеңіл», «Соңғы түйенің жүгі ауыр» мәтелдерінен «Жұмылғанға алғашқы түйенің де жүгі жеңіл» деген бір адам түсінбейтін жаңа «қанатты сөз» тұғызыпты, бірақ халқымыздың «алғашқы түйе» демей, «алдыңғы түйе» дейтінін де ескермепті.

Тілге тиек ету, етек алу, аты шулы» фразалық тіркестері сөз қолданысымыздың қай түрінде де өздерінің табиғатына сай жағымсыз мәнде емес, жағымды мәнде қолданылуда. «Тамақ кенеу» тіркесінің бір шығармада «тамақ қыру», тамақ кернеу, дауыс қырнау, дауыс кенеу» болып, «езу тарту, жақ ашпау, бетке басу»-лардың «езу жиыру, жақ жазбау, бетке бекіту» болып «жаңарып» жұмсалған орындары да бар.

Жанару, өзгеру сөйлеу тілімізге тән сөздер тұлғаларынан да байқалмайды емес. Қоғамымыздың бүгінгі даму деңгейі, халқымыздың жаппай сауаттылығы сөйлеу тілімізді бірте-бірте жазба тілге, сөздің көбіне әдеби вариантын қолдануға бейімдеуде. Мысалы, «ап, қап, барғам, баратыр» т. т. болып жиі айтылатын сөздердің қазір толық тұлғада — «алып, қалып, барғанмын, барған едім, бара жатыр» болып — айтылуы басым.

Әрине, сөз қашанда дұрыс тұлғалануы, жарасымды жұмсалымымен күдіретті. Сондықтан «Халықтың тіл байлығында бар сөздерді дұрыс тұрпатымен пайдалану!»¹ — жалпыға ортақ парыз.

III Тарау. Сөздің тіркесуі. Ойдың жарыққа шығуы жеке сөздердің сандық жай жиынтығымен, қарапайым топ құрауымен орындалмайды, олардың белгілі бір заңдылықтар негізінде өзара нақты байланыспен жұмсалтуы арқылы жүзеге асады.

Әрине, адам баласы жаралған бетте-ақ әуелі осы заңдылықтарды оқып-біліп алып, содан соң ғана өзара сөйлесе алатын болып кетпегені белгілі. Керісінше, сөздің өмір практикасында қолданылу процесі қалыптастырған тұрақтылықтар кейін заңдылыққа, ал бұларды сақтау, бұзбау міндеттілікке айналғаны сөзсіз.

Міне, сондықтан да ғылым осы заңдылықтардың қандай

1. Мүсірепов Ф. Авегйдің ат қорасынан бастайық// СК. 1976. № 282.

ёкенін пайымдауда, алдымен, сөз қолданудағы негізгі сатылардың бірі ретінде сөздерді өзара тіркестіру, байланыстыру шарттарын, амал-тәсілдерін қарастырады, қағидалар қорытады.

Жұмыстың бұл тарауында, негізінде, сөз қолдану практикамызда сол тіркес талаптарының орындалу жайы мағыналық жарасым мен шындыққа жанасым тұрғасынан қарастырылды.

1. Мағына жарасымы. Қаламгерлеріміздің жаңылатындығынан ба, әлде тіпті мағынасын жақсы білмейтіндігінен бе, не тілдің жергілікті ерекшеліктерінің әсерінен бе, әйтеуір, кей сөздердің контекстке лайық емес, қате жұмсалған орындары кездесіңкірейді: Нағашымнан алған түйем бар еді, жамандатқыр дағдыланған өрісін іздеп кетіп қала береді. Ой, жамандатқыр, шөк, шөк! (Ә. Н.).

Жамандат — түйеде емес, жылқыда болатын ауру. Кенен Әзірбаевтың «Жамандатқыр көк шолақ!» деуі де сондықтан. Демек, жазушы кейіпкеріне бұл сөзді еріксіз айтызып отыр. Егер тіл-жағының билігі Еламанның өзіне тисе, ол да, Х. Есенжановтың «Ақшелегің шағылғыр қара бұра», «Ол ақшелек тигірді құрту керек!» деп сөйлеген кейіпкері тәрізді, «ақшелек» деген болар еді.

Тағы біраз мысал: Сәбира Қасболаттың шархатын да даярлап қойыпты. Алдыңғыны көріп күпірлік ет (Т. А.). Ұмыт қалған нәрссін есіне түсіре алмай әлек болған адамдай мәре-сәре. Қыз барайын деп шапағат салған жоқ. Немере түгіл анау ет-бауыр Настядан не тауқымет көрді? (К. Ы.). Тарғыл мысық ұлығады (Ә. О.). Қайтерсің, басыңа түскен мәулет — бұл (Ә. Н.). Сағалдырығынан білегіне кигізген жолақ сапты сегіз өрім қайысқа қарады (Н. Мұраталиев). Шашы киіз секілді қабылмаған (О. Ә.). Шақшасын мәсінің сіргелігіне түйгіштей бір-екі мытыды (К. С.). Тершең атқа сәйгел өш (Маржан сөз, 80). Ол сыншылық пен ұстаздықтың үзенгісін тең ұстап келеді (А. Н.). Қалжаға деп байлап отырған ту ісекті алып ұрып жайғап тастады (С. С.).

Дұрысы: «бөкебайын», шархатты әйел адамдар басына тартады. «Алдыңғыны көріп пікір ет, соңғыны көріп шүкір ет». Ал белгіленген өзге сөздердің орнына әуре-сарсан не делсал, өтінген (жок), рақат, бейнет, бүлдірге, сірілік, бөгелек, тізгін-дер қолданылуға тиіс. Асты сызылмаған ұлығадының дұрысы «ұйығады». Бұны ит, қасқырларға қатысты жұмсап, мысыққа байланысты «мауығады» дейміз. Белгіленбеген екінші сөз — ту. Бұл төлдейтін жастағы ұрғашы мал атау-

ларымен тіркеседі. Сондықтан да «ту бие, ту сныр, ту қой» дейміз де, «ту айғыр, ту бұқа, ту ісек» демейміз.

Осылар тәрізді сәтсіз қолданылып жүргендер қатарына «отықпаған құйрық, бұйдалы бұзау, дар үшін соғылған ағаш, айрандаған тірсек, сұңғыла терек, лақтырылған сауал; етік-тің, пештің, уазиктің, отынның танауы; шике шап ұрды, жол ұрды, тамыры ұрды, барлық тәуір етті қазанға ұрды, сүт көбігін аузына ұрды, жаланап балтыр көзге ұрды, 87 жасар, 64 жасар» т. т. бар. Соңғы сөздің сан есімді тіркесте жұмсалынындағы талғамсыздық талай рет сыналса да, күнделікті басылымдарда оған көңіл аударылып отырған жоқ: 38 жасар Орфа, 45 жасар Элтон, 57 жасар үй шаруасындағы әйел (ҚӘ.26.02.93).

Ал «Арқалап сорлы басын шығына» (З. Т.), «аяғына мінгесіп тік басып, жайың ауыз етік, тұяқтары тырсылдаған студент қыздар, жауырынын креслосының арқасына жыға сап, сырт киімдерін жыға сап, көзін аяқ астына тастап, бұтаны сирағынан ұстап»-тар (Ә. Н.) сөзді ойнату (қаламбур) емес, сөзбен ойнау сияқты.

Кейінгі мақыттарда қайын аға, қайнаға, бажа, немере, жиеншар т. б. сияқты туыстық қатынасты білдіретін сөздерімізді ауызға алуды сиретіп, бұлардың орнына «менің жолдасымның әкесі (ағасы)», «менің жолдасым мен бұл жігіттің келіншегі бірге туысады», «менің әкем мен бұл кісінің әкесі бірге туысады», «менің апамның баласының баласы» тәрізді ұзыннан-ұзақ түсіндірмелерді шұбыртуға барыңқырадык. Сол сияқты «біздің тұңғышымыз (ортаншымыз, кенжеміз) деудің орнына «бұл — біздің бірінші баламыз, мынау — екіншіміз, ана тұрған — үшіншіміз» деп келіп реттік санмен белгілеп (нөмірлеп) айтқанды оңтайлырақ көріп жүрдік.

Міне, жалпыхалықтық қолдануымызда ежелден келе жатқан жоғарыдағылардай төл сөздерімізді сөйлеу тілімізде осылай шұбатылған жасанды варианттармен жиі алмастыруымыздың салқыны көркем әдебиет пен баспасөз лексикаларына да тимей қалмады: Бұл — қызынан туған немересі Гүлсім (Б. Б.). Мектеп директоры Сапарәлі Үкібаевтің қайнысы Қ. Қаттабеков... (ЛЖ) т. т. Дұрысында, белгіленген орындарда жиен, балдыз сөздері тұруға тиіс. Себебі қыздан туған бала — жиен, «Күйеудің інілері жеңгесіне қайны болады» (ТС, 20).

Ал жаңа сөздік «Қайны — қайын жұрт жағынан ерлі-зайыптылардан жасы кіші еркектерінің жеңдесі мен жеңге-

сіне туыстық қатысы» (У, 53¹) деп түсіндірген. Бірақ келтірген мысалдарының екеуінде де бұл сөз тек әйел адамдарға қатысты ғана қолданылған.

Әрине, алғашқы сөздік дұрыс сөйлеп тұр. «Мына жігіт—менің қайным» деп тек жеңге ғана айтады, ал «Мына жігіт—менің қайным» деген еркекті көрген де, естіген де жоқпыз. Себебі қазақ салтында жездеге жұбайының інісі де балдыз, сінлісі де балдыз.

Сондай-ақ **қайын бике**-ге берілген түсіндірме де жаңсақ. Себебі мұны өзінің жұбайының апалары (әпкелері) туралы тек жігіт қана айта алады. Ал сөздікте бұл да, **қайны** тәрізді, екі жаққа (келін, күйеуге) бірдей ортақ сөз болып түсіндірілген: «**Қайын бике**-ерлі-зайыптыларды туған әпкелерінің туыстық қатысы» (У, 549).

Сөйтіп, туыстық қатынасты білдіретін атауларымызды сирек жұмсау, көбіне жоғарыдағыдай түсіндірме тіркес, түйдектермен алмастыру салдарынан, бұларды да кейде мағыналық дұрыс жарасымда қолданбайтын, жаңсақтық жіберетін тұстарымыз болатыны байқалады.

Сөздердің мағыналық жарасымда қолданылуы, бір жағынан, олардың лайықты орында тұруы деген сөз. Ал айтылатын ой әдетте сөйлем арқылы жарыққа шығатындықтан, оның құрамындағы сөздер белгілі тәртіппен орналасатыны мәлім. Сондықтан мағыналық жарасым жайы осы тәртіптің анықталушы және анықтаушы сөздер арасында қалай сақталып жүргені тұрғысынан да қаралды.

Сөз қолданысымызда бұл жағына да жеткілікті зер сала бермейтін, соның салдарынан (әсіресе жазғанда) тіпті күлкі келтіретін де жаңсақтықтар жіберіп алатын кездеріміз бары байқалды. Мысалы: Шұнақ құлақ, жүндес келген, түсі суық, бет-аузын жүп басқан Жүгенбайдың қара ала төбеті (К. О.). Бұрын тіпті үрмейді деп жүрген көршінің көк ала қаншығы (Ж. М.). Осы жұмаңыздың өзін тышқан кемірген кемпірдің ұршығындай өйтіп-бүйтіп жолға пайдаланып отырмын (О. И.). Жиналыста сөз сөйлеген сиырды машинамен сауатын агрегаттың операторы К. Балабекова... Бағасы 1500 сомнан асатын әйелдердің қаракөл пальтосы (ОК.). Ол құны 20 мың сом тұратын өліктің үстіндегі киімін сыпырып алған (Жас алаш, 11.02.93) т. б.

Бұларда анықтауыштар анықтайтын мүшелеріне емес, басқа сөздерде қатысты орындарда қолданылған. Сондықтан итке берілген сипаттама адамға ауысып («шұнақ құлақ... Жүгенбай», «үрмейтін көрші» болып), өзгелері «тышқан ке-

мірген кемпір», «сөз сөйлеген сиыр», «1500 сомдық әйел», 20 мың сомдық өлік» болып тұр.

Кей авторларымыздың қаламынан кеткен мұндай жаңсақтықтар жиілеу де ұшырасады: «жиырмадағы ыстық камырдың буы, нәрестенің ерніндей балкон, қатты қайнаған кәрі қойдың құйқасы, күресінге қатқан иттің қоясы, мүжүірден қалған иттің сыбағасы, киіз үй сияқты шалдың киімі» т. т. (Қ. Ы.).

Баспасөз бетінде әсіресе белгілі бір еңбек атауын анықтауға қатысты сөздер тобының көбіне автордың аты-жөні алдынан қойылып, баспадан кітабын емес, автордың өзін «басылып шыққан» етіп көрсететін сөйлемдер жиі ұшырасады: «Биыл «Қазақстан баспасы» жарыққа шығарған Е. Естаевтың...», «Жақында жарық көрген С. Ысқақовтың...», «Ана тілі» газетінің бетінде жарияланған зерделі ғалымымыз...», «Баспадан жаңадан шыққан профессор...» т. т. Дикторларымыздың «Енді қысқаша ауа райы, қысқаша газеттерге, екі тілде жүргізілетін қазақ теледидары» деулерінде де сөздердің орын тәртібі дұрыс сақталып тұрған жоқ: қысқаша-лар, мәлімет, шолу* сөздерін анықтап, қазақ теледидары сөйлем басында тұруға тиіс.

Мұндай жаңсақтықтар сөздіктерімізде де кездеседі: **Кебентай** — киізден жасалған малшылардың жауын-шашында кие-тін сырт киімі. **Тулақ** — төсеніш орнына қолданылатын жүні алынбаған малдың терісі. **Рақыш** — биіктігі 60 аршын, ас пісірімде айлық жерге апаратын, сілге аңыз боп тараған Рүстемнің тұлпары. **Наупас** — бір жас шамасындағы сиырдың еркек бұзағы. **Тайқар** — екі жасар есектің қодығы. **Тай** — бір жастағы жылқының құлыны. **Күре** — бір жасқа дейінгі есектің қодығы. **Шаршы** — төрт бұрышты кемпірлер орайтын орамал. **Нымша** — денеге кентеліп тұратын әйел-қыздар киімі. Бұлардағы «киізден жасалған малшы», «төрт бұрышты кемпір» т. б. тіпті күлкі келтіргендей ретте тіркескен.

Бірқатар күрделі атаулардағы (оқу брындары, зерттеу институттары, әр түрлі қоғамдар т. б. атауларындағы) сөздердің орналасу тәртібі де мінсіз емес. Мәселен, «Ленин атындағы Қазақ политехникалық институты», Тәттімбет атындағы Қарағанды музыка училищесі» атауларындағы алғашқы тіркестер «Ленин атындағы Қазақ», «Тәттімбет атындағы Қарағанды» мағынасын бергендей ыңғайда тұр. Дұрысында, қазақ, Қарағанды-лардың бірінші орынға қойылып, ілік септігі қосымшасымен қолданылғаны жөн. Сондай-ақ «Қазақ мал шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты», «Қа-

зақ өсімдік...» сияқты атаулардың да алғашқы тіркестерінің «қазақ мал, қазақ өсімдік» болып қабылданбауы үшін, **қазақ** сөзінің бұларда да сол септікте жұмсалғаны дұрыс. Ал еліміздің қазіргі атауы бойынша, әрине, «Қазақ Республикасының» деп алғанымыз лайық.

Сөйтіп, бұл айтылғандардан мағына жарасымының сөйлем құрамындағы сөз атаулыға қойылатын ең басты шарт екені көрінеді. Және сол жарасым дұрыс мазмұнға қызмет етуге тиіс. Бірақ кейде бұлай бола бермейді. Мәселен, «Жау тілеп, ер жастанып өскен жалпақ елдің жоталы ұлдарын осы бір атойдың елегізітуі ала бөтен еді» (С. С.) деген сөйлемнің құрамындағы сөздері өзара мағыналық дұрыс жарасымда тұр. Алайда алғашқы тіркестің мазмұны шындыққа сай емес: халқымыздың талай ғасыр бойы ер жастанып өмір кешкені — ақиқат, жау тілегені — қате.

2. Қисын мен шындық. Қисын (логика) да, жалпы, сөздердің семантикалық байланысына негізделеді. Бірақ бұл тек сөз бен сөз арасындағы ғана емес, жеке сөйлем, сөйлем мен сөйлем арасындағы, жарыққа шығатын белгілі бір ой-пікір шеңберіндегі мағына, мазмұнды қамтиды. Ал «Шындық дегеніміз — бұл мәдімгі ақиқат шындық... Өнердің өсіп-өнер топырағы, нәрі, түп қазығы, негізгі материалы»¹.

Сөз қолданысымызда, міне, осы қисын, шындықпен де қабыспайтын тұстар байқалмай отырмайды: Торшалак ат — **союдай шолак** құйрығын шолтаңдатып әлекке түсті. Кілегей **калың** бұлтта көрік бар ма? (Ғ. О.). Маған қарап **үңсіз сақылдап** күлді (М. М.).

Әр сөйлемдегі белгіленген жұп бір-біріне қайшы, бірін-бірі теріске шығаратын, өзара қисыны келмейтін сөздерден құралған. Демек, ат құйрығы союдай болса, шолак емес; бұлт кілегей болса, қалың емес; адам үңсіз күлсе, сақылдамайды не осының бәрі керісінше.

Сөздің шындыққа жанаспай қолданылған орындары бұлардай тым сирек емес, ұшырасыпқырайды. Мысалы: Найзағай от кірпігін қадады да, Аспанның бұлт шылады табағына (К. Б.). Әр көде басы дуадақ ұшса пыр-пырлап (К. М.). Ауладан сакалы қауғадай мыж-мыж шал шықты, тұнық жанары мүлде жұмылып кеткен (К. Ы.). Келіншек аттардың делбесін шірене тартып тоқтатты. Екі аттың екеуі де көп тұлқ арық аттар (Б. С.). Шабдардың айыл-тартпасын қатаятты да, қарғын мініп жүріп кетті (С. С.). Ар жақтан те-

1. Қабдолов З. Жебе. Алматы. 1977. 315-б.

мір татыған дауыс естіледі (М. М.). Қойлар үлпек қарды атандай теуіп тым-тырағай (А. Қ.).

Бұл сөйлемдерде баяндалған іс-қимылдарға оқырман планбайды, себебі бәрі де жалған бейнеленген. Шындығында бұлт найзағайдан пайда болмайды, керісінше. Дуадақ пыр етіп ұша алмайды, 10-15 метрдей жүгіріп барып көтеріледі. Мыж-мыж болып тозған адамның жанары, жас кезіндегідей, тұнық қалпында қалмайды. Арық атты тоқтату үшін, делбе шіреніп тартылмайды. Ерттеулі атқа есі дұрыс адам қарғып мінбейді, аяғын үзеңгіге салып мінеді. Дауыс, темір — желінетін нәрселер емес, оларда дәм болмайды. Тебін малдары — жылқы мен қой, түйе қар теппейді.

Қыстың қақ ортасындағы бораннан кейін «аспан әлемін қақ бөліп кемпірқосақ құбылуы» (К. О.), аяғының басына қарай түсіп бара жатақн ішк-қарнын қолы жоқ келіншектің «құшақтай құлауы» (С. Ж.), бір түп тобылғының басынан қып-қызыл иіс тергізу» (Б. Ж.), салт атты адамның қолындағы камшының көбіне «сауырға соғылуы» сияқты суреттер де ақиқатқа қереғар. Кей шығармаларда тауық, байғыз, қарға, тіпті жүк машинасына дейін қаңқылдап, екінші біреулерінде сауысқан сақылдап, көкек шыққылықтап, байғыз әуілдеп жатуы, өзге біреулерінде ат күрсініп, өксіп, күйіс қайырып, өгіз оқыранып тұруы да шындыққа қайшы.

Әрине, қаламгер қандай ерен энциклопедист болғанмен, барлық дүние сырын бес саусағындай біле бермейді, білуі мүмкін де емес. Бірақ оның суреттегелі отырған нәрсе, құбылыс, іс-әрекеттің егжей-тегжейіне әбден қанып алмай тұрып қалам ұстауы жаңсақтыққа ұрындырары сөзсіз. Ал әдебиет өмір айнасы, «ардың ісі» есептелетіндіктен, онда кіші-гірім де мін жүрмеуге тиіс. ИНСТИТУТЫ

IV Тарау. Сөздің шебер қолданылуы. Шеберлік — кабинет көрінісі; кимыл — әрекет несінің еңбектенген ісін көп көңіліне ұнайтын дәрежеде, өнер таныта атқаруы, соған әбден машықтануы. Бұған тек адам баласының ғана емес, табиғаттың, оның біратқар мақұлықтарының да қатысы бар. Дұрысында, тіпті жаратылыс жөнінде бұлай деу мүлде жеткіліксіз де, себебі әлемдегі бас шебердің өзі — табиғат.

Өмір шындығы аңғартатындай, шеберлік процесінің стихиялы, инстинкті және саналы түрде жүзеге асу сипаттары бар. Соңғысына ие — тек адам ғана. Бірақ шеберлік — оған тұмысында-ақ сыйға тартылатын емес, үйренуі, творчестволық ізденуі, тәжірибе жинақтауы, іс тетігіне жетілудің тиім-

ді әдіс-тәсілдерінің көзін табуы, бұларды жетік меңгеруі, сөйте жүріп қажымай-талмай еңбек етуі нәтижесінде қалыптасатын қасиет. Демек, шеберлік — қиын да көп сатылы құбылыс, сонымен қатар тұйыққа тірелмейтін, шексіз өнер. Ал өнер бар жерде көркемдік бар, сулулық бар. Бұлар болған жерде ләззат бар. Сондықтан да философия ғылымы шеберлікті эстетикалық категория деп қарайды. Бірақ бұл жерде басын ашып айта кететін нәрсе — осы ұғымды тек әдебиет пен өнер саласындағы ғана емес, еңбек атаулының барлық түріндегі шеберлікке қатысты деп түсіну жөн.

Сонымен қатар шеберлік — қоғам дамуында әлеуметтік-экономикалық мәні зор фактор да. Себебі адам — еңбекпен адам. Сондықтан ол әр уақытта да атқаратын ісінің сапалылығын, өнімділігін қалайды. Ал бұған жеткізетін негізгі шарттардың бірі, әрине, осы шеберлік. Екіншіден, сапалылық — мазмұн мен түрдің жатық жарасымы да. Демек, бұл — шеберлікке де осы қасиет тән деген сөз. Сондай-ақ шеберлікте адамды еңбек қуанышы сезімінен туатын эмоцияға бөлеп, ілгері ұмтыла беруге шақырып тұратын өзіндік ерекше бір әсер күшке ие шам-шырақтық қасиет те бар.

Сөйтіп, бұл айтылғандардан шеберлік дегенімздің адам, қоғам өмірі үшін мәні айрықша фактор екені, сондықтан оның экономикалық, әлеуметтік, психологиялық т. б. тұрғылардан да ғылыми негізде арнайы зерттелуге тиіс екені көрінеді.

Ал жазушы шеберлігі — әр қаламгердің қоғам өміріндегі, ел мәдениеті тарихындағы орнын айқындайтын негізгі белгі-сапаның бірі, қаламгер еңбегін таптыратын басты қасиет. Бұл жоқ жерде шын суреткер де жоқ. Шебер жазушы — творчествосы қашанда жоғары сапалылығымен ерекшеленетін еңбеккер, биік жауапкершілік адамы. Сол себепті ол ала қол жаза алмайды: бұған ар-ұяты ерік бермейді. Міне, осы шеберлікті алдымен аңғаратын — қаламгердің тілі, яғни мінсіз сөз қолданысы. Бұл ретте негізгі үш шарт жиі аталып жүр. Олар, әрине, тек қаламгер қауымға ғана емес, жалпыға да ортақ. Себебі хас суреткердің тілі — көпке үлгі-өнеге, ерекше мектеп. Диссертацияда бұл шарттар жеке-жеке қарастырылып, нақты мысалдармен сипатталды. Алдымен сөз етілгені — д ә л д і к.

Бұл — жарыққа шығарылатын ойдың мейлінше нақ бейнеленуі. Бұны айқындайтын негізгі белгі — әр сөздің соншалық ұтымды, тура алынуы. Демек, белгілі бір контексте жұмсалып тұрғаннан гөрі сол орынға лайықтылығы басым

шыққандай өзге сөз іздеп табудың шамадан тыс қиын болатыны, тіпті, мүмкін еместігі. Бұған келтірілген мысалдардың бірі — Абайдың «Шапқан атқа жеткізбес бөкен желіс» жолындағы **бөкен**. Халқымыздың ертеден келе жатқан сипаттамасын ақып осы сөзбен толықтырып, аса күшті желістің қандай болатынын кереметтей дәл бейнелеген. Шынында да, сағатына 80-90 шақырым алатындай жылдамдықпен ағатын ақбөкен, оқта-текте бір қарғып түсетіні болмаса, негізінде, тек таза желіспен ғана заулайды. Демек, ақынның соны эпигеті соншалықты дәл. Бұны алмастырғандай басқа сөз табыла қоймайды.

Сонымен бірге жұмыста сөз қолданудағы дәлдікке суреттілік, мөлдір шындық, әсерлілік, айқындық, ықшамдық сияқты қасиеттер де тән екені талданып дәлелденді. Сөйтіп, осындай сыр-сипаттарына лайық, сөздің шебер қолданылуында дәлдіктің ең басты, негізгі қызмет атқаратыны, өзге амал-тәсілдерге жол ашар алғашқы саты екені айтылды. Және сөзді «дәл қолдану» мен «дұрыс қолдану» тіркестерінің мәндес еместігі сараланып, бұлардың әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері қарастырылды.

Ықшамдық. Бұл, алдымен, аз сөзділік, аз сөзбен кең ұғым беру. Бұның ең көне де көрікті үлгісі — мақал, мәтелдер, шешендік тақпақтар, жұмбақтар.

Ықшамдық, негізінде, ғылыми анықтама, философиялық тұжырым, әр түрлі ережелерге, қанатты сөздерге, ойлы өлең жолдарына тән. Ықшам жазуда сөздің ауыс мағынада (метафора, синекдоха, метонимия, тенеу түрінде) жиірек жұмсалатыны, деталь қызметінің ерекше ұтымды келетіні байқалады. Жалпы, ықшамдық синтаксисінде эллипссті, атаулы, жалаң, толымсыз, жақсыз, сыйысынқы сөйлемдер орын алынқырайтыны аңғарылады.

Алайда ықшамдық «Көз — таразы, көңіл — қазы», «Айтты-көндім; алды-бердім» дегендердей, шынында да, аз сөзділік болумен бірге, сөйлемнің белгілі бір шамадағы орынды ұзақтығына қайшы да құбылыс емес. Себебі сол ұзақ көрінген сөйлемнің құрамында бір өзі кең мазмұнға ие жеке сөз, тіркес не компоненттер жүруі тіпті сондай сөйлемнің өзі тұтас күйінде ұзақ талданғандай терең мазмұнда туруы мүмкін.

Әсерлілік. Сөз қолданудағы дәлдік, ықшамдық, әсерлілік талаптарының сыр-сипаты көркем әдебиеті тіліне қатысты еңбектерде жеке-жеке арнайы талданбағанмен, қаламгердің тіл шеберлігінің негізгі белгілері ретінде көптен осылай бөліне айтылып жүр. Әрине, бұл — шартты жіктеу. Себебі бұ-

лар бір-бірімен астарлас, тығыз байланыстағы ұғымдар. Мәселен, ойдың дәл, ышқам жеткізілуі, сөз жоқ, қашанда әсерлі; ал сөздің әсерлі жұмсалуды үшін, алдымен, дәлдік керек т. б. Сөйтіп, әсерлілік дегеніміз — сөздің адам ой-сезіміне тікелей ықпал еткендей ретте қолданылуы.

Мұндай қасиет бірқатар сөздердің (эмоционалды, экспрессивті мәнді) табиғатына тән болса, негізінде, сөз-сөздің қай-қайсысының да қолданылу ыңғайына қарай пайда болып отырады. Мәселен, тілімізде **әрине** деген қыстырма сөз бары мәлім. Міне, осыныңбәзі «Жалын» романында кейіпкер көңілін кереметтей қуанышқа бөлеп, оған бір үлкен бақыт сыйлағандай абыройда тұр. «Жанар оған жаутаң-жаутаң қарап: «Жазыла ма?» — деп жалына сұрап еді, дәрігер: «Әрине», — дей салды. Әншейінде әрі-сәрі «әрине» деген бір ғана сөздің мұншалық күші барын кім білген! Дәрігер «әрине» дегенде, Жанардың жоғала жаздаған үміті көкірегіне қайта ұялады» (З. Қ.).

Жұмыста жоғарыда аталған шарттарға сай келмейтін сөз қолданыстардың әсіресе баспасөз, көркем шығармалар тілінде ұшыраспай отырмайтынын дәлелдейтін нақты деректер келтірілді.

Зерттеу барысы жоспарымызда жоқ бір мәселеге, жалпы сөз қолданысымызға қойылатын сыпайылық талабына, көңіл аудартты. Бұл — жұмыста мына ретте қарастырылды.

Әдептілік. Әдеп — халықтың әдет-ғұрпына қалыптасқан этикалық тәртіп, имандылық белгісі. «Ұят» деген бір ғана сөзден тұратын қатал заңы бар. Бұған адам баласының бәрі тәуелді, аттап өтетіндер — тәрбиесіздер.

Сондықтан «Сіз» деген — әдеп, «біз» деген — көмек» деп мақалдап, өзінің де, ұрпағының да абыройын ойлаған ата-бабамыз ізеттілік, сыпайылық, инабаттылық, биязылық тәрбиесіне ерекше мән берген. Ал бұндай тәрбие сіңген адамның өзіне сөзі сай болатыны — дәлелдеуді қажет етпейтін шындық. Демек, халықтық ежелгі дәстүрімізден келе жатқан осы әдепті ауызша, жазбаша сөз қолданысымыздың қай-қайсысында да берік сақтауға, «әдеби» сөзінің төркіні, әдептілікке баулитын «әдеп» сөзін естен шығармауға (Ә. Қайдаров) тиіспіз. Бұл — әсіресе қалың елге тарайтын көркем шығармалардың жазылуында мұқият ескертілетін талап. Бұны қаламгер қауым жақсы біледі де.

Әрине, әдебиет объектісінің өмір екені мәлім. Ал өмірде тек не болмайды ғана емес, не айтылмайды да, адам ойына не келмейді де. Бірақ шығармасында қаламгер соның бәрін

фотоға түсірілгендей не үнжазба таспасына жазылғандай етіп еш өзгеріссіз, қаз қалпында алдымызға тартпайды, әдеби тілмен жеткізеді. Бұл қызметі үстінде суреткер әр сөздің жан-жақты жарасымына (мағыналық, тұлғалық көркемдік т. б.) қатты зер салумен бірге, оның айтылу, естілу жатықтығына, оқырман көңіліне анайы, тұрпайы тимеуі жағына, жалпы, әр сөйлем бойындағы ойдың бейнелену мәдениетіне де көп көңіл бөледі.

Диссертацияда бұл үлкен суреткерлеріміздің сөз саптау үлгілері негізінде дәлелденді. Сонымен бірге кей қаламгерлеріміздің бұған дұрыс мән бермейтін, шығармаларында сөзді арагідік «әдептен озып» қолданатын тұстары бары сыналды.

Сөз этикасына ертеден-ақ ерекше зер салған шешен халқымыз қазір тәуелсіз елінің экономикасы мен мәдениетін өркендетуге ұмтылумен бірге, ұлттық тілінің қоғамдық қызметін өрістетуге, мәртебесін көтеру жолында да аз талпыныс жасап жатқан жоқ. Бұнысы заңды да, себебі ұлттық тіл — оның елдігінің тірегі, өмірінің кілті. Осыған орай елі бай, өзі білімді, сұлу сезімді болмақ халқымыздың тілі де сол болымысына сай, мәдениетті, болуға тиіс екені сөзсіз. Сондықтан, «тілді халықтан үйренетін де, халқына үйрететін де» (З. Қабдолов) қаламгер қауымның сөз қолданысында, әрине, ешақидай да оғаштық жүрмегені абзал.

Қорытындыда диссертацияның белгіленген мақсат-міндетке, жоспарға сай проблемалық бірқатар мәселенің шешім табуына белгілі бір дәрежеде септігі тигендей сапада орындалуы негізгі нысана болғаны; алайда солардың қай-қайсысы бойынша да әлі де толықтырыла, айқындала түсуге тиіс ояң тұстардың аз еместігі атап көрсетілді. Ата-бабаларымыз мұра етіп қалыптастырған шешен тілімізді мешуе тілге айналдырған заманды артқа тастап, тілімізді мемлекеттік мәртебеге ие етіп, заңымызды қабылдап, тіл жөнінде арнайы комитет құрып, бұл мәселені қолға ерекше алып жатқан шағымызда «тілдің жанын жаралай бермей, дамуына сабырмен, ақылмен көмектесу» (Р. Сыздықова), «иесі өзіміз екенін ойлап, киесінен қорқа» (Ө. Айтбаев) қолдану; сол тілдің жанды бөлшегі болып табылатын әр сөзді дұрыс пішін, тұл-

ға-тұрпатта, жатық жарасымда жұмсау қажеттігі; «Тіл «шаруашылығына» қатысты практикалық мәселелер мен ғылыми проблемалардың көптігі және күрделілігі соншалық — оларды газет-журнал бетінде болып тұратын айтыс-тартыстармен де, қалың-қалың ғылыми монографиялармен де бірден шешіп тастау қиын» (Ә. Қайдаров) екені айтылды.



Диссертацияның негізгі мәселелері бойынша жарық көрген еңбектер:

1. М. Әуезовтің сөз қолдану шеберлігі // Қазақстан мектебі, 1972, № 3, -83-88-б.
2. Көркем шығармадағы авторлық неологизмдердің стильдік қызметі // Сборник научных трудов по гуманитарным наукам. Караганда, 1974. С. 242—246. Тираж 700 экз.
3. Көркем шығармалардағы алогизм // Сборник научных трудов по гуманитарным наукам. Караганда, 1975. С. 167—170. Тираж 700 экз.
4. Жалған төркінді сөздер // Тезисы докладов научно-методической конференции, посвященной десятилетию КарГУ. Караганда, 1982. С. 36.
5. Қаламгердің қалам әдебі // Жазушы және сөз мәдениеті. Мақалалар жинағы. Алматы, 1983. 143—150-б.
6. Қазақ тіліндегі паронимдер // Тезисы докладов научно-методической конференции КарГУ. Караганда, 1983. С. 43.
7. Сөзжасам заңдылығы // Тезисы докладов научно-методической конференции КарГУ. Караганда, 1984. С. 28.
8. Потенциалды және окказионалды сөздер // Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабарлары, Тіл—әдебиет сериясы, 1984, № 1, 23—25-б.
9. Сөз және шеберлік. Алматы, Ғылым, 1987, 283 б.

Шартты қыскартулар:

А. Б. — А. Байтанаев	К. К. — К. Камбаров
А. Қ. — А. Қаражігітов	К. М. — Қ. Мырзалиев
А. Н. — А. Нысаналин	Қ. С. — Қ. Салғарин
Ә. О. — Ә. Омаров	Қ. Ы. — Қ. Ысқақов
Ә. Т. — Ә. Тарази	М. Б. — М. Байғұтов
Б. Б. — Б. Бодаубаев	М. С. — М. Сүндетов
Б. С. — Б. Соқпақбаев	О. Ә. — О. Әубәкіров
Г. Т. — Г. Тұрлыбекова	ОҚ — Орталық Қазақстан
Д. И. — Д. Исабеков	Ө. Н. — Ө. Нұрғалиев
ДС — Диалектологиялық сөздік	Р. Н. — Р. Ниязбеков
Е. Р. — Е. Рахимов	С. А. — С. Асанов
Е. Т. — Е. Тоқтасынов	Р. С. — Р. Сейсенбаев
Ж. М. — Ж. Молдағалиев	С. Ж. — С. Жүнісов
Ж. Т. — Ж. Түменбаев	С. С. — С. Сматаев
З. Қ. — З. Қабдолов	Т. А. — Т. Ахтанов
К. М. — К. Мырзабеков	Т. Ә. — Т. Әлімқұлов
К. О. — К. Оразалин	ТС — Түсіндірме сөздік
К. Ж. — Қ. Жұмаділов	Ш. М. — Ш. Мұртазаев
	І. М. — І. Мәмбетов

НУРМУХАНОВ ХАЙРУЛЛА МУРЗАГАЛИЕВИЧ

СЛОВО И ЕГО КОНТЕКСТУАЛЬНОЕ ПОВЕДЕНИЕ

Работа посвящена исследованию взаимосвязанных между собой проблемных вопросов лексикологии, стилистики и культуры речи казахского языка. Она состоит из введения, четырех глав, заключения, списка опубликованных работ.

Во введении обоснована актуальность темы диссертации, определены цель и задачи, методика и материалы, научная новизна и практическая значимость исследования.

В I главе — «Категория слова и контекст» — даны краткие сведения из истории изучения данного вопроса в зарубежной, русской и казахской лингвистике. Основная часть этой главы посвящена определению природы, стилистических функций и путей образования таких лексических категорий слов, как потенциальные слова, окказионализмы, слова с ложной этимологией, паронимы, недостаточно полно изученных в казахском языкознании. Кроме того, дается теоретический анализ ранее исследованных лексических групп: вариантных слов, диалектизмов и т.д.

Во II, III главах — «Проблемы образования, изменения слов», «Проблемы сочетания слов» — рассмотрены закономерности морфологических, синтаксических операций, характерных для системы современного словоупотребления; выявлены причины наблюдающихся в ней нарушений правил, литературных норм казахского языка.

В IV главе — «Вопросы языкового мастерства» — даны определения понятиям «мастерство», «писательское мастерство»; на конкретных примерах, приведенных из произведений классиков казахской литературы, раскрыта сущность таких основных требований, предъявляемых к мастерству в словоупотреблении, как **точность, краткость и экспрессивность.**

В заключении обобщены выводы, сделанные по рассмотренным в каждой главе проблемным вопросам; изложены конкретные рекомендации и предложения, вытекающие из содержания и сути исследования.

NURMUKHANDOV KHAIRULLA MURZAGALIEVITCH.

The word and its contextual use

The work is devoted to the investigation of interdependent issues relating to lexicology, stylistics, and speech of the Kazakh language. It consists of introduction, four chapters, conclusion, list of published books and articles on the symbols and abbreviations used.

The introduction deals with substantiation of dissertation theme, determination of the object and tasks, methods and material, scientific novelty and practical significance.

Chapter I - "The category of the word and context" - comprises information from the history of the problem discussed in Russian and Kazakh linguistics. However the main part of the chapter deals with the study of stylistic functions and forms of such lexical categories of the word as potential and real words, words of false etymology, paronyms. In this chapter the author also makes his observations on the formerly lexical groups such as variant and dialectal words.

Chapter II and III - "Word formation, word changeability", "Stability of Words" - are connected with the regularities of morphological and syntactical operations accomplished in the word usage; the causes of infringement upon literary norms of the Kazakh language which leads to the misuse of words.

Chapter IV - "The questions of Language Skill" - the definition of such notions as "skill (mastership)", "writer's skill" is also given. Several concrete examples taken from the works of the classics of Kazakh literature reveal the essence of the norms that make high demands to the appropriate word usage, for the accuracy, brevity and expressiveness.

In the conclusion the author generalizes some debatable points and issues looked through in each chapter. Concrete recommendations and suggestions that follow from the thesis have also been given in the conclusion.

д/Нурмуханов -